

Республикалық педагогикалық журнал

ЕЛ-НАЗАР

Ел назары – білімде

**ЖАНҒАЗЫ ДАРХАН
ЕЛТАЙҰЛЫ**

«Жетісу облысы білім
басқармасының
Панфилов ауданы
бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Е. Сыпатаев атындағы орта
мектеп мектепке дейінгі
шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
11-сынып оқушысы



ЖАНҒАЗЫ ДАРХАН ЕЛТАЙҰЛЫ

«Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Е.Сыпатаев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 11-сынып оқушысы

Марапаттары:

1. Облыстық Махамбет оқулары «Ел құтқарар ер едім..» II орын 2024 жыл.
2. Облыстық Махамбет оқулары «Ел құтқарар ер едім...» II орын 2025 жыл
3. Облыстық «Мизам» жылжымалы әдебиет мектебінің «Мен оқыған кітап» байқауының жеңімпазы. 2025 жыл.
4. «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінің II орын жүлдегері. 2025 жыл.
5. «Ауыл дарыны» атты ауыл мектептеріндегі дарынды балалардың республикалық энциклопедиясына үздік жетістіктері енгізіліп, республика көлемінде таратылды. 2025 жыл.
6. Жалпы білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушылары арасында «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысының облыстық кезеңінің I орын иегері, Республикалық кезеңінің ширек финалының жеңімпазы. 2026 жыл.

Жетекші ұстаздары: Қабанбаева Гульфия Жұмабекқызы,
Азикенова Анарқан Мұқағалиқызы



Журнал Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінде
10.06.2011 жылы тіркеліп, №11783-ж
куәлігі берілген.

Редакцияға түскен материалдар
өңделеді. Авторға жауап берілмейді.
Қолжазбалар қайтарылмайды.
Материалдарды көшіріп басқан
жағдайда, «Ел-назарға» сілтеме жасау
міндетті. Жарияланған мақалалар
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Бас редактор:

Ерғазы МАНАПҰЛЫ

Қазақстан Жазушылар және
журналистер одағының мүшесі
ҚР Ақпарат саласының үздігі.
Педагогика ғылымдарының магистрі.

Редакция алқасы:

Ыбраимжанов Қалибек Тұрдығазыұлы,

педагогика ғылымдарының докторы,
профессор. І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің оқытушысы.

Албытова Назымгүл, педагогика
ғылымдарының кандидаты.

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің оқытушысы,
«Педагогика» кафедрасының

қауымдастырылған профессоры (доцент)

Ниязова Гүлжан Жолаушықызы,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Инженерия факультеті, Компьютерлік

инженерия кафедрасының доценті

Турашев Ақжайық Сейтқожаұлы,

техника ғылымдарының кандидаты,

философия докторы (PhD) Л.

Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің оқытушысы, доцент,

профессор

Таганова Ару Мерекеқызы,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

доцент, Қ. Жұбанов атындағы, Ақтөбе

өңірлік университетінің оқытушысы

Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызы,

философия докторы (PhD), Ш. Есенов

атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университетінің

қазақ филологиясы кафедрасының

қауымдастырылған профессоры

Біржанқызы Әйгерім, жасаушы хатшы,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

Педагогика ғылымдарының магистрі.

Педагог-зерттеуші

Сағындықова Гүлнұр, қазақ тілі мен

әдебиеті пәні оқытушысы, педагогика

ғылымдарының магистрі. Педагог-шебер

Парманова Сандуғаш, математика

пәні мұғалімі, "Үздік педагог -2020"

атағының иегері, ҚР Білім беру ісінің

құрметті қызметкері, педагог-шебер

Нұрқасым Жұлдыз, ағылшын тілі

пәні мұғалімі, ағылшын және орыс

тілі корректоры.

Манап Елназар, қазақ тілі пәні

мұғалімі, қазақ және орыс тілі

корректоры

Редакция мекен жайы:

Астана қаласы, Кенесары көшесі, 70

Ұялы тел.: 8 701 469 13 85

Талдықорған қаласы,

Нұрсұлтан даңғылы, 175

Ұялы тел.: 8 702 423 74 00

БАСПАСӨЗ - 2026

«Ел-назар» назарыңыздан тыс қалмасын!

Қадірлі оқырман! Қадірлі ұстаздар!

Бүгінгі таңда 170 нөмері жарық көріп отырған, ең жақын сырластарыңызға айналған, «Ел-назар» журналы Сіздердің талап-тілектеріңізге орай алдағы бағытын, ұстанымын айқындап, тың серпінмен жұмыс істегеніне биыл 15 жылдан асып отыр.

Біздің басты бағытымыз мемлекетіміздің іргетасы іспетті білім саласына айрықша көңіл бөліп, мектептің жүрегі саналатын ұстаздар қауымының еңбегін дәріптеу. Сондай-ақ оқушылардың танымын арттыратын әдебиет пен мәдениетті, өнерді өрістетіп, халқымыздың салт-дәстүрлерін жаңғырту.

Ұстаздар мүмкіндігін арттыру, еліміздің педагогтерінің арасында өзара байланыс орнатып, тәжірибе алмасуға ықпал ету, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға қал-қадірімізше үлес қосу. Осы үдеден шама-шарқымызша шыға білдік деп ойлаймыз. Оған журнал атына айтылып жатқан өздеріңіздің ақжарма алғыстарыңыз дәлел.

Қаржылық дағдарысқа қарамастан журналға жазылу бағасын бұрынғы қалпында қалдырдық, әрі журналға толық жазылған оқырман жыл бойында екі мақаласын тегін жариялау мүмкіндігіне ие. Бұл басылымның өз оқырмандарына жасап отырған демеулерінің бірі.

2025 жылы редакция қоржынына келіп түскен әрбір мақалаға тиісінше жауап қатып, олардың барлығының дер кезінде жарық көруіне еңбек еттік. Ең бастысы Сіздердің, қадірлі оқырман, алғаусыз алғыстарыңыз басылымның тыныс-тіршілігіне нәр берді.

Сұрауларыңыз бойынша оқушылар шығармашылығына кең көңіл бөлдік. Соның жарқын мысалы ретінде журналымыздың № 6 санын тек қана дарынды оқушылардың шығармашылығына арналатынын атап өтуге болады. Осы арқылы оқушылар бір-бірімен етене танысса, олардың жетекшілері де өзара байланыс орнатуға мүмкіндік алады. Бірінен-бірі үйренеді. Бұл игі бастама 2026 жылы да өз жалғасын табады.

Сондай-ақ жемісті жобамыз «Ел-назардың энциклопедиясы» үздік ұстаздар-ды насихаттауды биыл да жалғастырады. Оның шарттары тұрақты оқырмандарға жете таныс.

Ұстаздардың ұлағатын ұлықтап келе жатқандығымыздың нәтижесі болар «Ел-назар» журналы Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Атырау облыстарынан 3000-дай тұрақты оқырмандар тапты. Бұл біздің ұстанып отырған бағытымыздың айқындығының белгісі деп білеміз. 2020 жылдан бастап журнал Астана қаласында бас кеңсесін ашып, Елордамыздың төрінен үн қатуда. Бұған дейін Талдықорған қаласында, Алматы қаласында рекдакциялары жұмыс жасаған болатын. Бұл қалалардағы кеңсеміз жұмысын жалғастыра береді.

Сондай-ақ журналда жарияланған материалдар мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеруге септігін тигізетін арнайы аттестациядан өтуіне ықпал етеді. Бұл біздің басты мақсатымыздың бірі. Заман ағымына және ұстаздар қауымының сұранысына сәйкес журнал ұжымы басылымға бір жылға толық жазылған оқырмандар арасында тегін, түрлі байқаулар ұйымдастырып, арнайы дипломдар, сертификаттар беруді жоспарлап отырмыз. Бұл туралы журналымыздың инстаграмдағы (elnazar.zhurnal) парақшасына тіркеліп, нақты ақпараттар алып, шарттарымен танысуға болады.

Сонымен қатар ұстаздардың, оқушылардың, белгілі қаламгерлердің шығармалары да басылым бетінен орын алады.

Кез-келген ұстаздың өз ойын, қоғамға деген пікірін, әріптестеріне деген ыстық ықыласын, түрлі құттықтауларды қуана жариялаймыз. Халқымыздың ұлттық айшықтары, салт-дәстүрлері, құндылықтары, жәдігерлері туралы да жиі қалам тербейміз. Ендеше өзіңіздің төл журналыңызды жаздырып алуды ұмытпаңыз. Журналға кез-келген Қазпошта бөлімшелері арқылы жыл бойы жазыла аласыз. Жазылым индексі 74455. Бір жылға жазылу бағасы 6500 теңге. Журналға жазылған оқырман өзінің сабақ жоспары үлгілері мен мақалаларын, әріптестері жайлы толғамдарын, ұсыныс-пікірлерін жыл бойы тегін жариялай алады. Ендеше бір-бірімізден көз жазып қалмайық, ағайын!

«Ел-назар» – бұл Сіздің төл журналыңыз.

Эл.пошта: e-mail: el-nazar@mail.ru

Сайт: elnazar.idhost.kz

«Алматы - Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Алматы қаласы, С.Мұқанов, 223 "В". Офсеттік басылым.

Басуға 31.05.2026 ж. қол қойылды. Айына бір рет шығады.



ИСАБЕКОВА ЛАЗАТ КЕНЕСБЕКОВНА

Физика пәнінің оқытушысы, Талдықорған индустриялық колледжі,
Талдықорған қаласы, Жетісу облысы

Физика сабағында заманауи әдіс-тәсіл элементтерін қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыру

Аннотация

Бұл мақалада физика сабағында білім алушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – білім алушылардың пәнге деген ынтасын қалыптастыру. Осы тұрғыда мақалада тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру, көрнекі құралдарды пайдалану, заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және ойын элементтерін қолдану сияқты әдіс-тәсілдердің маңызы көрсетіледі. Сонымен қатар, оқыту процесінде білім алушылардың белсенділігін арттыру, олардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары талданады. Автор физика сабағын қызықты әрі қолжетімді ету арқылы білім сапасын арттыруға болатынын атап өтеді. Мақалада мұғалімдерге тәжірибелік көмек ретінде ұсынылады.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның сұранысына сай үнемі жаңарып, жетілдіріліп келеді. Бүгінгі таңда колледждің басты мақсаты – білім алушыларға тек білім беріп қана қоймай, алған білімін өмірде қолдана алатын, шығармашылықпен ойлайтын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігі, жаңашылдығы және заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануы ерекше рөл атқарады.

Физика – табиғаттағы құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейтін іргелі ғылым. Алайда білім алушылар арасында физика пәні күрделі, формулаға толы, түсінуге қиын пән ретінде қабылданатын жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай көзқарасты өзгерту үшін сабақта білім алушылардың қызығушылығын арттыратын, белсенділігін күшейтетін, өмірмен байланыстыратын әдістерді қолдану қажет.

Сондықтан физика сабағында заманауи әдіс-тәсіл элементтерін пайдалану – білім сапасын арттырудың маңызды жолдарының бірі.

Негізгі бөлім

1. Заманауи оқыту әдістерінің теориялық негізі

Заманауи оқыту әдістері білім алушының жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған. Бұл тәсілдер білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетімен құрастырушы субъект ретінде қарастырады.

Мұндай әдістердің негізгі ерекшеліктері:

білім алушы белсенді әрекет етеді;
топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық орнайды;
проблемалық жағдайлар шешіледі;
зерттеушілік дағды қалыптасады.

Физика сабағында бұл әдістерді қолдану білім алушылардың логикалық ойлауын, талдау жасау қабілетін, ғылыми тілде сөйлеу дағдысын дамытады.

2. Интерактивті әдістерді қолдану

Интерактивті оқыту – мұғалім мен білім алушының, білім алушы мен білім алушының өзара әрекеттесуіне негізделген әдіс.

Физика сабағында қолдануға болатын интерактивті тәсілдер:

«Миға шабуыл»
«Джигсо» әдісі
«Ыстық орындық»
«Кластер құру»
Дебат ұйымдастыру

Мысалы, «Энергияның сақталу заңы» тақырыбында білім алушыларға күнделікті өмірдегі энергия түрлерінің өзгеруін талдату арқылы сабақтың мазмұнын өмірмен байланыстыруға болады. Бұл тәсіл теорияны нақты мысалдар арқылы түсінуге көмектеседі.

Топтық жұмыс барысында білім алушылар бір-бірімен пікір алмасып, өз ойын дәлелдеуге үйренеді. Нәтижесінде олардың коммуникативтік дағдылары қалыптасады.

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Қазіргі заман – цифрлық технологиялар заманы. Білім алушылардың көпшілігі ақпаратты визуалды түрде жақсы қабылдайды. Сондықтан физика сабағында АКТ қолдану өте тиімді.

АКТ мүмкіндіктері:

виртуалды зертханалық жұмыстар;
анимациялық модельдер;
бейнеэксперименттер;
интерактивті тесттер.

Мысалы, электромагниттік индукция құбылысын тәжірибе жүзінде көрсету кей жағдайда қиын болуы мүмкін. Ал анимациялық модель арқылы білім алушылар магнит өрісінің өзгерісін көзбен көріп, процесті терең түсінеді.

Сонымен қатар онлайн платформалар арқылы жедел кері байланыс ұйымдастыруға болады. Бұл білім алушылардың білімін жедел бағалауға мүмкіндік береді.

4. STEM технологиясы және жобалау әдісі

STEM бағыты – ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіретін оқыту жүйесі. Бұл тәсіл физика пәнімен тығыз байланысты.

Физика сабағында STEM элементтерін енгізу арқылы:

қарапайым техникалық құрылғылар құрастыру;
тәжірибелер жасау;
Мысалы:
көпір макетін жасап, оның беріктігін зерттеу;
жел диірменінің моделін құрастыру;

жарық диодты шамнан қарапайым тізбек жинау.

Жобалау әдісі білім алушылардың өздігінен ақпарат іздеуіне, талдау жасауына, қорытынды шығаруына жағдай жасайды. Бұл олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырады.

5. Ойын технологиялары және шығармашылық тапсырмалар

Ойын – оқытудың тиімді құралдарының бірі. Әсіресе физика сияқты күрделі пәнде ойын элементтерін қолдану сабақты жандандырады.

Қолдануға болатын ойын түрлері:

физикалық турнирлер;

есептер сайысы;

викториналар;

«Кім жылдам?» жарысы.

Сонымен қатар шығармашылық тапсырмалар беру маңызды. Мысалы:

«Физика өмірде» тақырыбында презентация жасау; белгілі бір физикалық құбылысқа тәжірибе ойлап табу;

ғылыми жоба қорғау.

Бұл тапсырмалар білім алушылардың қиялын дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

6. Саралап оқыту және критериялды бағалау

Әр білім алушының білім деңгейі әртүрлі болғандықтан, саралап оқыту әдісі маңызды рөл атқарады.

Сабақта:

базалық деңгейдегі тапсырмалар;

орта деңгейдегі есептер;

күрделі, шығармашылық тапсырмалар берілуі тиіс.

Бұл тәсіл білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар критериялды бағалау жүйесі оқушыларға өз нәтижесін нақты бағалауға жағдай жасайды.

Заманауи әдістерді қолданудың нәтижелері

Заманауи әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану мынадай нәтижелер береді:

білім алушылардың пәнге қызығушылығы артады; сабаққа қатысу белсенділігі жоғарылайды;

білім сапасы жақсарады;

логикалық және сыни ойлау қабілеті дамиды; ғылыми дүниетанымы қалыптасады.

Ең бастысы – білім алушы физиканы өмірмен байланыстыра алады және алған білімін практикада қолдануға үйренеді.

Қорытынды

Физика сабағында заманауи әдіс-тәсіл элементтерін тиімді пайдалану – білім алушылардың қызығушылығын арттырудың сенімді жолы. Мұғалім сабақта тек ақпарат беруші емес, бағыт-бағдар беруші, ұйымдастырушы рөлін атқаруы тиіс.

Қорыта келгенде, баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті білім алушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, талантын, шығармашылығын ашу. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.» деп ұлы ғалым К.Д.Ушинский айтқандай мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.

2. Әбілқасымов А.Е., Кучер Т.И. Физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2015.

3. Жарықбаев Қ. Педагогика негіздері. – Алматы: Рауан, 2012.

4. Сейталиев Қ.Б. Оқыту әдістері және инновациялық технологиялар. – Алматы, 2018.

5. Полякова Н.Н. Методика преподавания физики в школе. – Москва: Просвещение, 2016.

6. Қараев Ж.А. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. – Алматы, 2007.

7. Ибраимов С.Т. Физика сабағында жаңа технологияларды қолдану. – Алматы, 2019.



ДОСЖАНОВА ЛАУРА ЖАРЫЛГАСОВНА

преподаватель «Истории, основы права и экономики»,

Талдықорганский индустриальный колледж г. Талдықорган, область Жетыссу

Экономика «платформ»: как маркетплейсы меняют структуру малого и среднего бизнеса в Казахстане

Аннотация: В статье рассматривается трансформация малого и среднего бизнеса (МСБ) под влиянием платформенной экономики к 2026 году. Анализируются процессы снижения барьеров для входа на рынок, изменения в логистической инфраструктуре регионов, новые требования к компетенциям кадров и скрытые риски монополизации цифровых экосистем.

Введение: От традиционного рынка к цифровой

экосистеме

К 2026 году цифровая трансформация торговли в Казахстане окончательно закрепила переход от разрозненных интернет-магазинов к доминированию крупных маркетплейсов (Kaspi.kz, Wildberries, Ozon и др.). Сегодня эти платформы аккумулируют подавляющее большинство транзакций в секторе электронной коммерции. Для малого и среднего

бизнеса это означает не просто появление нового канала сбыта, а фундаментальный сдвиг в самой парадигме ведения дел: фокус сместился с владения физической инфраструктурой на умение эффективно интегрироваться в цифровые системы.

1. Демократизация входа и региональная инклюзия

Исторически запуск торгового или производственного бизнеса требовал значительного стартового капитала: аренды торговых площадей, найма персонала, вложений в маркетинг и витрину. Платформенная модель радикально снизила эти барьеры.

Маркетплейсы предоставляют инфраструктуру «под ключ». Это привело к мощному эффекту региональной инклюзии. Если раньше производитель из Жетысуской области был ограничен спросом внутри своего региона, то сегодня предприниматель, например, из Талдыкоргана получает мгновенный доступ к миллионам покупателей по всему Казахстану и за его пределами. Платформы взяли на себя самую сложную часть – привлечение трафика и обработку платежей, оставив МСБ роль поставщика продукта.

2. Трансформация логистики: Эра «последней мили» и складов нового типа

Архитектура бизнеса претерпела изменения из-за новых стандартов доставки. Потребитель 2026 года ожидает получения товара в течение 1-2 дней, а иногда и нескольких часов. Это спровоцировало бурный рост логистической инфраструктуры.

Структура инвестиций МСБ сместилась. Вместо того чтобы вкладываться в красивые шоурумы в центре города, малый бизнес инвестирует в запасы на фулфилмент-центрах маркетплейсов или арендует небольшие «точки подскока» (dark stores) в спальных районах. Логистика превратилась из вспомогательной функции в главное конкурентное преимущество. Бесперебойная работа распределительных центров и автоматизированных сортировочных линий стала кровеносной системой новой экономики.

3. Изменение рынка труда и новые требования к техническим кадрам

Бурный рост платформ колоссально повлиял на рынок труда, создав так называемый сектор «синих воротничков 2.0». Экономика маркетплейсов не может существовать только в виртуальном пространстве – она требует мощной физической поддержки.

В связи с этим кардинально меняются требования к профессионально-техническому образованию. Возникает огромный спрос на специалистов, способных обслуживать эту новую инфраструктуру: от наладчиков автоматизированных складских систем и операторов умных погрузчиков до техников по ремонту терминалов и постаматов. Традиционные рабочие специальности интегрируются с цифровыми технологиями, делая квалифицированный технический труд высокооплачиваемым и критически важным звеном в цепочке платформенной экономики.

4. Алгоритмическое управление: Искусственный интеллект как партнер МСБ

Современный предприниматель на маркетплейсе вынужден быть аналитиком данных. Встроенные

в платформы инструменты на базе искусственного интеллекта (ИИ) меняют подход к планированию.

- **Предиктивная аналитика:** Алгоритмы анализируют сезонность, поисковые запросы и тренды, подсказывая продавцу, какой товар и в каком объеме необходимо отгрузить на склады в разные регионы, чтобы избежать затоваривания или дефицита (out-of-stock).

- **Динамическое ценообразование:** ИИ позволяет автоматизировать изменение цен в зависимости от действий конкурентов, времени суток и эластичности спроса.

- **Генеративный контент:** Использование нейросетей для создания описаний товаров, инфографики и виртуальных примерочных снижает затраты МСБ на продакшн.

5. Риски платформенной экономики: «Ловушка экосистемы»

Несмотря на очевидные преимущества, интеграция в платформенную экономику несет для МСБ серьезные системные риски:

1. **Диктат платформ:** Находясь в зависимости от инфраструктуры маркетплейса, предприниматель уязвим перед односторонним изменением оферты (повышением комиссий, стоимости хранения, штрафами).

2. **Коммодитизация и ценовые войны:** В условиях бесконечной «умной» ленты товары разных селлеров визуально уравниваются. Если продукт не обладает уникальностью, конкуренция сводится исключительно к демпингу, что съедает маржинальность малого бизнеса.

3. **Потеря прямого контакта с клиентом:** Покупатель на маркетплейсе лоялен самой платформе (ее удобству и скорости доставки), а не конкретному продавцу. МСБ теряет возможность выстраивать долгосрочные отношения с аудиторией.

Заключение

Экономика платформ безвозвратно изменила ландшафт малого и среднего предпринимательства. Она выступает мощным катализатором стандартизации бизнес-процессов, вывода экономики из тени и создания новых рабочих мест в смежных технических и IT-отраслях. Однако для устойчивого роста в 2026 году и далее предпринимателям недостаточно простого присутствия на витрине маркетплейса. Главным вызовом становится умение балансировать: использовать масштаб платформ для сбыта, но при этом развивать собственный бренд, повышать качество продукта и глубоко понимать алгоритмы, управляющие цифровым рынком.

Литература и источники:

1. Ник Срничек, «Капитализм платформ» (2017).
2. Э. Бриньолфсон, Э. Макафи, «Вторая эпоха машин» (2014).
3. Отчеты PwC Kazakhstan «Анализ рынка розничной электронной коммерции в РК».
4. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК. Раздел «Статистика внутренней торговли и услуг» для анализа доли МСБ в цифровой экономике.



КАШАЕВА АЙГУЛЬ ОНДАГАНОВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК директоры

МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ АБАЙ МҰРАСЫН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІМЕН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДА ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

АНДАТПА

Бұл мақалада мектеп тәжірибесінде Абай мұрасын жаратылыстану пәндерімен кіріктіріп оқытудың педагогикалық маңызы қарастырылады. Абай шығармаларындағы ғылым-білім, табиғат, еңбек, адамгершілік, жауапкершілік, әділет, мейірім сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың биология, география, физика, химия және экология пәндерімен байланысы ашып көрсетіледі. Автор кіріктірілген оқытудың оқушылардың ғылыми дүниетанымын, экологиялық мәдениетін, зерттеушілік қабілетін және тұлғалық дамуын қалыптастырудағы тиімділігін талдайды. Сонымен қатар мақалада кіріктірілген сабақтар, жобалар, зерттеу жұмыстары, танымдық конференциялар, шығармашылық тапсырмалар мен сыныптан тыс іс-шаралар арқылы Абай мұрасын оқытудың практикалық жолдары ұсынылады. Мақала мазмұны Абай мұрасын білім мен тәрбиені ұштастыратын, оқушы бойында гуманистік және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыратын маңызды педагогикалық құрал ретінде бағалауға негізделген.

Кілт сөздер: Абай мұрасы, кіріктірілген оқыту, жаратылыстану пәндері, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманистік тәрбие, ғылыми дүниетаным, экологиялық мәдениет, пәнаралық байланыс.

ANNOTATION

This article examines the pedagogical significance of integrating Abai's heritage with natural science subjects in school practice. It reveals the connection between universal human values reflected in Abai's works, such as knowledge and science, nature, labor, morality, responsibility, justice, and compassion, and the subjects of biology, geography, physics, chemistry, and ecology. The author analyzes the effectiveness of integrated teaching in developing students' scientific worldview, ecological culture, research skills, and personal growth. The article also offers practical ways of teaching Abai's heritage through integrated lessons, projects, research activities, educational conferences, creative assignments, and extracurricular activities. The content of the article is based on the idea that Abai's heritage is an important pedagogical tool that combines education and upbringing and contributes to the formation of humanistic and universal values in students.

Keywords: Abai's heritage, integrated teaching, natural science subjects, universal human values, humanistic education, scientific worldview, ecological culture, interdisciplinary connection.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушыға тек пәндік білім беріп қана қоймай, оны өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын, сыни ойлайтын, ізгілік пен жауапкершілікті қатар ұстанатын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға етіп қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде пәнаралық кіріктірудің маңызы ерекше. Пәнаралық байланыс оқушының білімін бөлшектемей, тұтас қабылдауына, қоршаған әлемді біртұтас жүйе ретінде тануына мүмкіндік береді.

Абай мұрасы – қазақ халқының ғана емес, жалпы адамзаттық ой кеңістігінің асыл қазынасы. Ақын шығармаларында адам болмысы, ғылым-білім, еңбек, табиғат, әділет, ар-ұят, мейірім, жауапкершілік, ақыл мен жүрек үйлесімі терең көрініс тапқан. Бұл идеялар қазіргі білім мазмұнымен, әсіресе жаратылыстану пәндерінің тәрбиелік және танымдық әлеуетімен тығыз сабақтасады. Абайдың табиғат лирикасы, қарасөздері мен поэмаларындағы дүниетанымдық ойлар оқушыны тек әдеби мәтінді түсінуге ғана емес, табиғатты ғылыми тұрғыдан пайымдауға, қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауға, адам мен табиғат арасындағы байланысты терең ұғынуға жетелейді.

Сондықтан мектеп тәжірибесінде Абай мұрасын биология, география, физика, химия, экология пәндерімен кіріктіріп оқыту – оқушының ғылыми танымын дамытумен қатар, оның гуманистік және жалпыадамзаттық құндылықтарын қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады.

Абай шығармаларын жаратылыстану пәндерімен кіріктіріп оқытудың негізгі ерекшелігі – көркем мәтін мен ғылыми ұғымды өзара байланыстыра қарастыру. Әдеби шығармада берілген табиғат көрінісі, адам мінезі, қоғамдық құбылыс немесе өмірлік ой жаратылыстану пәндеріндегі нақты ғылыми түсініктермен ұштасқанда, оқушының қабылдауы тереңдейді. Мысалы, Абайдың «Қыс», «Жаз», «Күз», «Жазғытұры» өлеңдері тек табиғат суреті ретінде ғана емес, маусымдық өзгерістерді, климаттық ерекшеліктерді, тірі ағзалардың ортаға бейімделуін, табиғи құбылыстардың себеп-салдарын түсіндіруге негіз бола алады. Мұндай кіріктірілген жұмыс оқушының әдеби талдау дағдысын дамытып қана қоймай, ғылыми ойлау қабілетін де жетілдіреді.

География пәнімен кіріктіру барысында Абай шығармаларындағы дала табиғаты, жер бедері, климат, жыл мезгілдері, табиғи орта мен адам тіршілігі арасындағы байланыс қарастырылады. Оқушылар ақын суреттеген табиғат көріністерін географиялық

ұғымдармен салыстырып, туған жер табиғатының ерекшелігін таниды. Бұл бағытта карта, сызба, климаттық диаграмма, табиғи аймақтарды салыстыру кестелері қолданылса, оқушылардың зерттеушілік дағдысы арта түседі. Сонымен қатар олар туған өлкені құрметтеу, табиғатты қорғау, жер мен елге жауапкершілікпен қарау сияқты құндылықтарды меңгереді.

Биология пәнімен кіріктіруде Абай шығармаларындағы адам болмысы, тіршілік, табиғат пен адам үйлесімі, еңбек, денсаулық, мінез-құлық мәселелері негізге алынады. Мысалы, Абайдың қарасөздеріндегі «толық адам» идеясы адамның рухани дамуы мен ішкі мәдениетін түсіндіруге мүмкіндік береді. Биология сабағында адам ағзасы, жүйке жүйесі, мінез, дағды, денсаулық тақырыптары қарастырылғанда, Абайдың ақыл, қайрат, жүрек туралы ойларымен байланыс жасау оқушыға ғылыми және адамгершілік танымды қатар меңгеруге көмектеседі. Бұл оқушыны өзін-өзі тануға, жауапкершілікке, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттайды.

Физика пәнімен кіріктіру барысында табиғат құбылыстары, қозғалыс, жарық, жылу, дыбыс, энергия сияқты ұғымдарды Абай шығармаларындағы бейнелі суреттермен байланыстыруға болады. Ақын өлеңдеріндегі жел, боран, күн, түн, жарық, дыбыс, қозғалыс бейнелері оқушыларға физикалық құбылыстарды өмірмен байланыстыра түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, ғылыми ұғымдарды көркемдік қабылдау арқылы терең меңгеруіне ықпал етеді.

Химия пәнімен кіріктіруде табиғи орта, су, ауа, топырақ, заттардың қасиеті, экологиялық тепе-теңдік тақырыптарын Абай шығармаларындағы табиғатты аялау, тазалық, үйлесім, адам әрекетінің ортаға әсері мәселелерімен байланыстыруға болады. Оқушылар табиғаттағы зат айналымы, ауаның ластануы, судың маңызы, топырақ құнарлылығы сияқты тақырыптарды талдай отырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінеді. Бұл экологиялық мәдениетті қалыптастыруға негіз болады.

Абай мұрасын жаратылыстану пәндерімен кіріктірудің тәрбиелік мәні ерекше. Ақын шығармаларында адамзатқа ортақ ізгілік, әділет, еңбек, білім, мейірім, адалдық, жауапкершілік, табиғатқа құрмет сияқты құндылықтар кеңінен көрініс табады. Осы құндылықтарды сабақ мазмұнына енгізу арқылы оқушылардың тек білімдік нәтижесі ғана емес, тұлғалық дамуы да қамтамасыз етіледі. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ұғымдары жаратылыстану пәндеріндегі зерттеу мәдениетімен тікелей байланысты. Ғылыми ізденіс те талапты, еңбекті, ойлануды, дәлелдеуді және жауапкершілікті қажет етеді. Осы арқылы оқушы ғылымның адамгершілік негізін түсінеді.

Кіріктірілген оқытуды мектеп тәжірибесінде тиімді ұйымдастыру үшін басқару жүйесінің орны маңызды. Мектеп директоры бұл бағытта стратегиялық жоспарлаушы, үйлестіруші және әдістемелік қолдау көрсетуші тұлға ретінде әрекет етеді. Алдымен мектептің жылдық жұмыс жоспарына

Абай мұрасын пәнаралық кіріктіру бағыты енгізіледі. Кейін әдістемелік кеңес пен пән бірлестіктері арқылы қазақ әдебиеті, биология, география, физика, химия, экология пәндері мұғалімдерінің бірлескен жұмысы ұйымдастырылады. Мұғалімдер ортақ тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтап, кіріктірілген сабақ, жоба, зерттеу жұмысы, сыныптан тыс іс-шара үлгілерін дайындайды.

Мектеп тәжірибесінде бұл бағытты жүзеге асырудың бірнеше тиімді формасы бар. Олар: кіріктірілген сабақтар, әдеби-экологиялық апталықтар, ғылыми жобалар, зерттеу жұмыстары, танымдық конференциялар, постер қорғау, эссе жазу, тәжірибелік тапсырмалар, дебат, дөңгелек үстел, шеберлік сағаты және шығармашылық көрмелер. Мысалы, «Абай және табиғат», «Абай шығармаларындағы адам мен табиғат үйлесімі», «Ғылым мен адамгершілік: Абай көзқарасы», «Абай мұрасындағы экологиялық ойлар», «Табиғат құбылыстарының көркем және ғылыми бейнесі» тақырыптарында іс-шаралар ұйымдастыру оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Сабақ барысында оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынуға болады: Абай өлеңіндегі табиғат құбылысын анықтау; сол құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндіру; көркем бейне мен ғылыми ұғымды салыстыру; табиғатқа қатысты адам әрекетінің оң және теріс әсерін талдау; экологиялық мәселе бойынша шешім ұсыну; Абай шығармасындағы адамгершілік құндылықтарды қазіргі өмірмен байланыстыру. Мұндай тапсырмалар оқушының оқу сауаттылығын, ғылыми сауаттылығын, экологиялық мәдениетін және құндылықтық бағдарын қатар дамытады.

Абай шығармалары арқылы жалпыадамзаттық және гуманистік құндылықтарды қалыптастыру – кіріктірілген оқытудың маңызды нәтижелерінің бірі. Жалпыадамзаттық құндылықтар белгілі бір пәнмен ғана шектелмейді, олар барлық білім мазмұнының өзегіне айналуы тиіс. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ойы оқушыларды адамға құрметпен қарауға, мейірімділікке, татулыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді. Ал жаратылыстану пәндері бұл құндылықтарды табиғатқа, тіршілікке, қоршаған ортаға, ғылыми ізденіске деген жауапты көзқарас арқылы толықтыра түседі.

Кіріктірілген оқыту нәтижесінде оқушы көркем мәтінді оқып қана қоймайды, одан ғылыми ой табады, табиғат құбылыстарын таниды, адам мен орта арасындағы байланысты түсінеді, өз пікірін дәлелдейді, қорытынды жасайды. Ең бастысы, оқушы ғылым мен адамгершіліктің, білім мен тәрбиенің, табиғат пен адамның бір-бірінен ажырамайтын тұтас ұғымдар екенін ұғынады.

Қорыта айтқанда, мектеп тәжірибесінде Абай мұрасын жаратылыстану пәндерімен кіріктіріп оқыту – білім мазмұнын жаңартудың, оқушының ғылыми танымын дамытудың және жалпыадамзаттық, гуманистік құндылықтарды қалыптастырудың тиімді педагогикалық жолы. Бұл бағыт оқушылардың әдеби мәтінді терең түсінуіне, табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан пайымдауына, экологиялық жауапкершілігін арттыруына және адамгершілік қасиеттерін дамытуына мүмкіндік береді.



ИБРАЕВА ТУРСЫНХАН ЖАНАТКАНОВНА,

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тренері

«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп»

КММ Талдықорған қаласы. Жетісу облысы

Инновациялық мәдениетті қалыптастыруда педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсету ортасын жетілдіру

Инновациялық мәдениет – педагогтің кәсіби қызметінде жаңа идеяларды қабылдау, тәжірибеде қолдану және рефлексия жасау қабілетін сипаттайтын кешенді ұғым. Ғылыми көзқарас тұрғысынан инновациялық мәдениет педагогтің кәсіби құзыреттілігімен, зерттеушілік дағдысымен және шығармашылық әлеуетімен тығыз байланысты. Педагогтің кәсіби дамуы - қолдау көрсету ортасы арқылы жүзеге асады. Мұндай орта педагогтердің тәжірибе алмасуына, әдістемелік ізденісіне және инновациялық бастамаларын іске асыруына мүмкіндік береді.



Сабақты зерттеу (Lesson Study) – инновациялық мәдениетті дамыту құралы

«Мінсіз мектеп» бағдарламасы бойынша мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыстың инновациялық қызметінің бағыты, құрылымы және жоспары құрылып, жүзеге асырылуда. Мектептегі инновациялық қызмет - жаңашылдықтар мен инновациялық үдерістерді игерудің мәнін ашуға, мұғалімдердің педагогикалық идеяларын іске асыруға, әзірлеуге және жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруға ықпал етіп отыр. Соның ішінде Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық үрдіс.

Мектеп бойынша Сабақты зерттеу үрдісі бастауыш және орта және жоғары буында барлық пәндер аясында қолданылды. Мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір педагогикалық тәсілді стратегияны, оқыту мен оқу әдіс-тәсілдерін қалай дамытуға болады деген мәселені шешу үшін оқушылардың білімді қалай игеретінін зерттеді.

Мектеп бойынша инновациялық мәдениеті мен қызметтің ұйымдастыру барысында мектепшілік бұйрықпен 19 сабақты зерттеу топтары құрылды. Олардың қатарына әкімшілік мүшелері, мектеп тренерлері, деңгейлік курстан өткен ұстаздар, ӘБ жетекшілері, жас мамандар кірді. Бұл ұжымның 77.7 пайызын құрайды.

Сабақты зерттеу (LS) өзін - өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде бірлесе жоспарлаудың, тәжірибеде туындаған мәселелерді бірлесе шешудің, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылаудың үздіксіз даму мүмкіндігін беретіндігіне күн сайын көз жеткізудеміз.

Зерттеу жұмысына кәсіби оқыту әдісін енгізуге бейіні бар мұғалімдер (сауалнама, социограмма) іріктелініп алынып, топ құрамынан модератор болып

тәжірибелі мұғалімдер іріктелді. Әр топтың зерттеу сұрақтары, қолданылатын стратегиялары, күтілетін нәтижелерін анықтап, топ мүшелерімен отырыс барысында Неге оқытудың әдістерін зерттеу керек? Қалай жүзеге асырамыз? Ол үшін не істеуіміз керек? Осы сұрақтарға жауап бере отырып, жүйелі зерттеу, іздену жұмыстары ұйымдастырылды. Жинақталған деректерді сараптап, «Сүзгіден өткізу» әдісі арқылы зерттеу сұрақтары анықталып, топтастырып, жұмыс жоспарлары нақтыланды.

Саралау жұмыстарын жүргізу барысында Зерттеу сұрағының түрлері топтастырылды:

- сипаттамалық (Оқушылар мұғалімнен қаншалықты жиі көмек сұрайды?);
- өзара байланыстырушы (Оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейі мен өзін басқара білу қабілеті арасындағы байланыс қандай?);
- салыстырмалы (Адал немесе авторитарлы көшбасшы кезінде команда жұмысының айырмашылығы қандай?);
- себеп-салдарлы (Белсенді стратегияларды қолдану оқушының қызығушылығын арттыруға қалай әсер етеді?);

Сабақты зерттеу топтары келесі бағыттарды жүзеге асырды:

- Lesson Study-ді қандай сыныпта өткізетіндіктерін анықтап алды;
- Әртүрлі білім алушы топтың шынайы өкілі болып табылатын үш оқушы анықталды;
- Жалпы дағдылар немесе жекелеген пәндер үшін қажетті дағдылар бойынша сыныпта оқитын оқушылардың ішінен жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар топтар таңдалды;
- Lesson Study-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтетінімізді нақтылады;
- Оқыту әдісін қолдануды назарда ұстай отырып, сабақтың әр кезеңі жоспарланды;
- Бақылаудағы әрбір оқушыдан қандай реакция

күтетініміз болжанып бақылау парағына жазылды. Бақылаушылар арасында кім қай бақылаудағы оқушыны (А,В,С оқушыларды) қадағалайтыны келісілді;

- Сабақ барысында қолданылатын ресурстар қалай қолданылатындығы дәл анықталды;

- Lesson Study топтары зерттеу жұмысын аяқтаған соң оқушылардың пікірін, не пайдалы болғанын, олардың нені білгенін және олардың көзқарасы бойынша, оны одан да пайдалырақ ету үшін, сабақты тағы бір рет өткізсе нені өзгертуге болатыны туралы пікірін білу үшін бақылаудағы оқушылардан сұхбат алынды;

- Зерттеу сабақтан кейін бірден жиналып, топ мүшелері Lesson Study-ден кейінгі жетістікті, жіберілген кемшілікті, оны жою жолдары қарастырылып талқыланды.

Бекітілген жоспарға сәйкес жыл бойы «Сабақты зерттеу» топтарының біріккен сабақтары арқылы оқыту мен оқу үдерісіндегі мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру мақсатында зерттеу сабақтары жүргізіліп, талдау, толықтыру, нәтижеге жетуде кездескен кедергілерді шешу жолдары қарастырылып отыр.

Мектеп тренері әр топ модераторлары мен топ мүшелерімен кездесулер ұйымдастырып, кәсіби қолдау жұмысы ұйымдастырылды. Жаңадан топқа қосылған ұстаздар үшін сұрақтар қоя отырып, сабақты зерттеудің қадамдары/алгоритмі түсіндіріліп, кәсіби қолдау жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтса:

- Зерттеу сұрағы қалай жасалады?
- Зерттеу тақырыбын таңдаңыз;
- Таңдаған тақырыбыңыз бойынша алдын ала зерттеу жүргізіңіз;
- Таңдаған тақырыбыңыз бойынша “қалай” және “неге” деген ашық сұрақтар қойыңыз;
- Әртүрлі типтегі сұрақтарды ойластырыңыз;
- Өз аудиторияңызды зерделеніз;
- Ең жақсы сұрақты таңдаңыз т.б.

Зерттеу сабақтарды талқылау кезінде оқушылардың мысал мен дәлел келтіруді ажырата алмауы, қорытынды жасауға, тұжырымдап сөйлеуге әлі де болса оқушыларды төселдіру керек екендігіне көзіміз жетті. Жоспарлау кезінде жиналған деректерді үнемі жаңғыртып, өзгерістер енгізіп отыру үнемі назарда. Ол үшін іс-шаралардың орындалуы тексеріліп, бағамдау жүргізілді. Жоспарға түзету енгізу белгіленген іс-шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызды. Мектеп қызметкерлерін, ата-аналарды, оқушыларды жетістіктермен, қажет болса, кездесетін кедергілермен үнемі хабардар етіп отырдық. Ол үшін мектептегі веб-сайттарды, мектеп бюллетенін, ашық есік күндерін, баспасөз парақтарын, БАҚ құралдарын пайдаландық.

Сабақты зерттеу нәтижесінде:

- Оқушылардың айтылым және тыңдалым белсенділігі артты;
- Мәселені шығармашылықпен, ізденушілікпен шеше алуға тырысады;
- Өз тұжырымын ұсынады және дәлелдей алады;
- Іс-әрекетіне жауап беру жауапкершілігі артты;

Сабақты зерттеу (LS) өзін - өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде бірлесе жоспарлаудың, тәжірибеде туындаған мәселелерді бірлесе шешудің, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылаудың үздіксіз даму мүмкіндігін беретіндігіне күн сайын көз жеткізудеміз. Lesson Study - оқушыға білім берудегі ұтымды тәсілдерді жетілдіруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы. Атап айтса:

- «Lesson Study сабақты зерттеу, іс-әрекеттегі зерттеу» жобасы-тәжірибедегі өзгерістер негізі» облыстық семинарына директордың оқу-тәрбие ісі (ғылыми-әдістемелік) жөніндегі орынбасары, мектеп тренері Т.Ж.Ибраева, бастауыш сынып мұғалімі, мектеп тренері Г.С.Кудагельдинова «Тиімді сабақ, стратегияны таңдау және өзіндік талдау» тақырыбымен облыстық семинарда шебер сынып көрсетті.

- НЗМ педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған облыстық форумда директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп тренері Т.Ж.Ибраева жетекші мектептер арасында үйлестіруші ретінде «Сабақты зерттеуде бірлескен жұмыс нәтижелерін құжаттау және оларды жариялауға қалай қол жеткізуге болады?» тақырыбында тәжірибе бөлісті. Жетекші мектептердің негізгі де басымдық беретін қызметі – серіктес мектептерге қолдау көрсету. Жетекші мектептердің басты ұстанатын қағидаттары білім саласындағы қандай болмасын жаңалықтар мен өзгерістерге ашық болу, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлау, үнемі кәсіби даму.

Бірлескен жұмыс нәтижелерін құжаттау үшін жұмыстың бағыттары, атқаратын міндеттері және бөлінген рольдерімен таныстырып, атқарылған жұмыс нәтижесін талдау арқылы, атқарған жұмыстың күшті тұстары мен мүмкіндіктеріне талдау жасады. Құжаттау кезінде бірлескен жұмыстың тиімділігін анықтау барысында жасаған негізгі іс-әрекеттердің қысқаша сипаттамасына тоқтала отырып, не/қандай жұмыс сәтті болды?

«Жетекші мектеп-педагогикалық қоғамдастықтардың ынтымақтастық серіктестігінің интеграторы» тақырыбында Жетісу облысы жетекші мектептерінің форумында Т.Ибраева шығармашыл тобымен (Курманғалиева С.А., Кудагельдинова Г.С.Тленчиева М.М.) тәжірибе таратты.

Республикасы білім беру мекемелерінің инновациялық озық тәжірибелерін қолдану арқылы мұғалімдер түрлі байқауларға қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Жалпы ұстаздар үшін Сабақты зерттеу-тәжірибе алмасу алаңына айналды.

Қорытындылай келе, инновациялық мәдениетті қалыптастыруда сабақты зерттеу мен іс-әрекетті зерттеу педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды ғылыми-әдістемелік құралдар болып табылады. Қолдау көрсету ортасында бұл әдістерді жүйелі қолдану білім беру сапасын арттыруға және педагогтің кәсіби әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.



АХМЕТОВА ШОЛПАН КЕНЖАЛИЕВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназия» ШЖҚ МКК бастауыш сынып мұғалімі

«Жазу өнері: мәтін сыры және көркем ой» курсы арқылы 3-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын дамыту әдістері

АНДАТПА

Бұл мақалада 3-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын дамытуда «Жазу өнері: мәтін сыры және көркем ой» факультативтік курсының әдістемелік маңызы қарастырылады. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының өз ойын жазбаша түрде жүйелі, сауатты әрі түсінікті жеткізу қабілетін қалыптастырудың тиімді жолдары талданады. Курстың мазмұны оқылым мен жазылым байланысын сақтауға, мәтінді түсіну, жоспар құру, тірек сөздер арқылы мәтін жазу, сурет бойынша әңгіме құрастыру, үлгі мәтінмен жұмыс жасау және шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың тілдік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар саралап оқыту, рефлексия және өзін-өзі тексеру әдістерінің жазылым сапасын арттырудағы рөлі айқындалады. Зерттеу мазмұны аталған курстың оқушының функционалдық сауаттылығын, көркем ойлауын, тілдік мәдениетін және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдірудегі тиімділігін көрсетуге негізделген.

Кілт сөздер: жазылым дағдысы, бастауыш сынып, 3-сынып, факультативтік курс, мәтін құрастыру, көркем ой, шығармашылық тапсырма, функционалдық сауаттылық, тірек сөздер, саралап оқыту, рефлексия.

ABSTRACT

This article discusses the methodological significance of the elective course “The Art of Writing: The Secret of Text and Artistic Thought” in developing the writing skills of 3rd-grade students. The article analyzes effective ways to form primary school students’ ability to express their thoughts in writing systematically, accurately, and clearly. The course content is aimed at developing students’ linguistic, cognitive, and creative abilities by maintaining the connection between reading and writing, understanding texts, making plans, writing texts using key words, composing stories based on pictures, working with model texts, and completing creative tasks. In addition, the role of differentiated instruction, reflection, and self-assessment methods in improving the quality of writing is identified. The content of the study is based on demonstrating the effectiveness of this course in improving students’ functional literacy, artistic thinking, language culture, and written communication skills.

Keywords: writing skills, primary school, 3rd grade, elective course, text composition, artistic thought,

creative task, functional literacy, key words, differentiated instruction, reflection.

Қазіргі білім беру кеңістігінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде жүйелі, сауатты, түсінікті жеткізе білуге үйрету – өзекті міндеттердің бірі. Әсіресе бастауыш буында жазылым дағдысын дамыту оқушының кейінгі оқу жетістігінің, танымдық белсенділігінің, тілдік мәдениетінің және шығармашылық қабілетінің негізін қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, 3-сыныпқа арналған «Жазу өнері: мәтін сыры және көркем ой» факультативтік курсы оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу, ойын жүйелеу, сөйлемдерді мағыналық жағынан байланыстыру, өз пікірін жазбаша білдіру және көркем ойлау дағдыларын жетілдіруге бағытталған маңызды оқу-әдістемелік құрал болып табылады.

Бастауыш сыныптағы жазылым әрекеті – күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Ол тек әріпті дұрыс жазу немесе сөйлем құрастырумен шектелмейді. Жазылым барысында оқушы тақырыпты түсінеді, негізгі ойды айқындайды, қажетті сөздерді таңдайды, сөйлемдерді өзара мағыналық байланыста құрастырады, мәтіннің құрылымын сақтайды және ойын тұтас мазмұн түрінде жеткізеді. Сондықтан жазылым дағдысын дамыту жүйелі, мақсатты, әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмысты қажет етеді. Аталған курс осы қажеттілікті өтеуге бағытталған, себебі оның мазмұны оқылым, талдау, сөздік жұмыс, шығармашылық ізденіс және жазба әрекетін өзара байланыстыра қарастырады.

Курстың басты ерекшелігі – оқушының жазу әрекетін тек сауаттылыққа үйрету құралы ретінде ғана емес, ойды дамыту, қиялды ұштау, тілдік талғамды қалыптастыру, көркем қабылдауды жетілдіру құралы ретінде танытуында. Бұл бағыт қазіргі білім беру мазмұнындағы тұлғаға бағдарланған оқыту қағидатымен толық сабақтасады. Оқушы дайын үлгіні қайталаушы емес, өз ойын құрастырушы, сөзді орынды қолданушы, мәтін арқылы өзін таныта алатын тұлға ретінде қарастырылады. Сондықтан курс мазмұнында мәтінді түсіну, талдау, жоспарлау, үлгіге сүйеніп жазу, тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру, сурет бойынша шығармашылық жұмыс орындау, аяқталмаған ойды жалғастыру, кейіпкер атынан сөйлеу сияқты жұмыс түрлері кеңінен қамтылады.

3-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын дамытуда ең алдымен оқылым мен жазылымның өзара байланысын сақтау маңызды. Оқушы сапалы жазу үшін, алдымен мәтінді түсініп оқи алуы тиіс. Мәтінді саналы қабылдау арқылы бала оның тақырыбын, негізгі ойын, құрылымын, сөйлемдердің байланысын, сөз қолданысындағы ерекшеліктерді аңғарады. Осыдан кейін ғана ол өз мәтінін құрастыруға бейімделеді. Сондықтан курста оқылым әрекеті жазылымның алғышарты ретінде қарастырылады. Оқушылар мәтінді мәнерлеп оқиды, мазмұнын әңгімелейді, негізгі ойды анықтайды, тірек сөздерді табады, сұрақтарға жауап береді, мәтінді бөліктерге бөледі, жоспар құрады. Бұл жұмыс түрлері олардың ойды жүйелеуіне, мәтіннің ішкі құрылымын түсінуіне және жазбаша тілдің табиғатын сезінуіне мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныпта кең қолданылатын әдістердің бірі – сурет бойынша мәтін жазу әдісі. Бұл әдіс, әсіресе, баланың қиялын, байқағыштығын, тілдік белсенділігін дамытуда өте нәтижелі. Сурет баланың көз алдына нақты бейне әкеледі, сол арқылы оның ойын жандандырады, сөз табуына көмектеседі, әңгіме құрастыруға түрткі болады. Мұндай тапсырмалар барысында оқушы суреттегі кейіпкерлерді, оқиғаны, табиғат көрінісін сипаттайды, оқиғаның себебі мен салдарын болжайды, кейде суретке сүйеніп өз қиялынан жаңа мазмұн тудырады. Бұл жұмыс түрі жазылымды қызықты әрекетке айналдырып, көркем ойды дамытуға ықпал етеді.

Жазылым дағдысын жетілдіруде жоспар арқылы жазу әдісінің де маңызы зор. Бастауыш сынып оқушысы көбіне ойын қалай бастарын, нені бірінші, нені кейін жазарын білмей қиналады. Осындай жағдайда жоспар оның ойлау әрекетін реттейтін құрал қызметін атқарады. Мұғалім алдымен дайын жоспар ұсынады, кейін біртіндеп оқушылардың өздеріне жоспар құрғызады. Бұл тәсіл мәтіннің кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды сияқты құрылымдық бөліктерін түсінуге, мазмұнды ретімен беруге, ойдың қисындылығын сақтауға көмектеседі. Жоспарға сүйеніп жазуға дағдыланған оқушы кейінірек өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге үйренеді.

Курста қолданылатын маңызды әдістердің бірі – үлгі мәтінмен жұмыс. Үлгі мәтін оқушыға дұрыс жазудың, мазмұнды берудің, сөйлемдерді байланыстырудың, көркем сөздерді орынды қолданудың мысалын көрсетеді. Мұғалім үлгі мәтінді оқыта отырып, оның тақырыбын, негізгі ойын, құрылымын, тірек сөздерін, көркемдік ерекшеліктерін талдатады. Содан кейін оқушы сол үлгіге сүйеніп, өз мәтінін құрастыруға әрекет жасайды. Бұл әдіс, әсіресе, жазуға енді төселіп келе жатқан оқушы үшін өте тиімді, өйткені ол мәтін құрастырудың нақты моделін көреді және соған сүйеніп жазуды үйренеді.

3-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын дамытуда шығармашылық тапсырмалар әдісінің орны ерекше. Шығармашылық жазу барысында бала тек білімін көрсетіп қана қоймай, өз ойын, сезімін,

көзқарасын, қиялын мәтін арқылы білдіреді. Мысалы, аяқталмаған әңгімені жалғастыру, кейіпкер атынан хат жазу, табиғатты сипаттау, «Егер мен...» тақырыбында ойтолғау жазу, белгілі бір жағдаят бойынша қысқа мәтін құрастыру сияқты тапсырмалар баланың еркін ойлауына, тілдік қорын белсенді қолдануына, өз стилін табуына мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар оқушының жазуға деген ішкі уәжін арттырады, себебі ол дайын жауапты қайталамайды, өз ойын жазуға үйренеді.

Курс мазмұнында саралап оқыту әдісі де маңызды орын алады. Әр оқушының қабылдау деңгейі, сөздік қоры, жазу қарқыны, шығармашылық мүмкіндігі әртүрлі болғандықтан, барлығына бірдей талап қою әрдайым тиімді бола бермейді. Осыған байланысты кейбір оқушыларға тірек сөздер, жоспар, сөйлем бастамалары, үлгі мәтіндер ұсынылса, ал жазуға бейімі жоғары оқушыларға еркін тақырыпта кеңейтілген мәтін жазу, көркем сөздерді көбірек пайдалану, мәтінді өз бетінше редакциялау сияқты күрделірек тапсырмалар беріледі. Мұндай тәсіл әр баланың өз мүмкіндігіне сай дамуына жағдай жасайды және табысқа жету сезімін қалыптастырады.

Жазылымға үйретуде рефлексия және өзін-өзі тексеру әдістері де тиімді болып саналады. Оқушы жазған мәтінін қайта оқып, оның түсініктілігін, құрылымының дұрыстығын, сөз қолданысының орынды болуын, қате-кемшіліктерін байқауға үйренуі тиіс. Бұл үшін сабақ соңында «Мен не үйрендім?», «Қандай сөздерді дұрыс қолдандым?», «Мәтінімнің қай жерін жақсартуға болады?» деген сияқты сұрақтар арқылы рефлексия ұйымдастырылады. Өзін-өзі тексеру оқушының жауапкершілігін арттырады, өз жұмысына сыни көзқарас қалыптастырады және жазу сапасын біртіндеп жақсартуға ықпал етеді.

«Жазу өнері: мәтін сыры және көркем ой» курсы арқылы жазылым дағдыларын дамыту оқушының тек оқу әрекетіне ғана емес, тұлғалық дамуына да ықпал етеді. Жазу барысында бала ойын реттейді, өз сезімін таниды, сөзді саналы таңдайды, өз көзқарасын білдіреді, қоршаған ортаға байыппен қарайды. Бұл оның танымдық белсенділігін, шығармашылық ізденісін, эстетикалық талғамын, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады. Сондықтан жазылымды дамыту – тек пәндік міндет емес, ол оқушыны мәдениетті, сауатты, ойы жүйелі тұлға ретінде тәрбиелеудің де маңызды жолы.

Қорыта келгенде, «Жазу өнері: мәтін сыры және көркем ой» курсы 3-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын дамытуда мазмұнды, жүйелі және практикалық маңызы жоғары курс болып табылады. Курста қолданылатын тірек сөздер арқылы жазу, сурет бойынша мәтін құрастыру, жоспармен жұмыс, үлгі мәтінді талдау, шығармашылық тапсырмалар, сөздік жұмыс, саралап оқыту, рефлексия әдістері оқушының мәтінді түсінуіне, өз ойын жүйелі жеткізуіне, сауатты әрі көркем жазуына тиімді ықпал етеді.



АУТАНБАЕВА БИБИНУР БАКЫТОВНА,
Бастауыш сынып мұғалімі. Екпінді бастауыш мектебі.
Ескелді ауданы. Жетісу облысы

№113 сабақ. Көбейтуге берілген есептер.

Білім беру ұйымының атауы	Екпінді бастауыш мектебі			
Пәні:	Математика			
Бөлім:	Қоршаған орта			
Педагогтің аты-жөні:	Ауганбаева Б.Б.			
Күні:	13.04.26ж			
Сынып:	2			
Сабақтың тақырыбы:	№113 сабақ. Көбейтуге берілген есептер.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.5.1.5** көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға, кері есептерді құрастыру және шығару, тура және жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/кем» «бірнеше есе есе артық/кем» қатынастарымен байланысты) бір-бірінен ажырату; 2.5.1.6 көбейту мен бөлуге берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру;			
Сабақтың мақсаты	Көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға, кері есептерді құрастыру және шығару, тура және жанама сұрақтары болатын есептерді шығаруды үйренеді			
Құндылықтар: Сәуір айы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК	Сабақ құндылығы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК Апта дәйексөзі:			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту Өткенді пысықтау Үй тапсырмасын тексеру. 9-тапсырма Сызбаға сәйкес өрнек құр және оның мәнін тап. Кәмпит -18к Шоколад-? Кәмпиттен 6 есе артық Шешуі: 18/6 Жауабы: шоколад 3к	Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.	Мақтап, мадақтап отыру ҚБ: «Асық» әдісі	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут		Өткенді пысықтайды	Дескриптор: Есептің шартын құрады-16 Шешуі мен жауабын табады-16	Оқулық
		Жаңа тақырыпты түсініп алады	Дескриптор: Есептің шартын жазады-16 Шешуін теңдеу құру арқылы шығарады-16 Есептің жауабын жазады-16	оқулық
		Теңдеу құрады		
	Есеп құрастырады			

Сабақтың ортасы 20 минут	Жаңа тақырып 1-тапсырма Есепті теңдеу құрып шығар. Мирас-16 ұпай Алмат-? Одан 2 есе кем ұпай $16/x=2$ $X=16/2$ $X=8$ Жауабы: Алмат 8 ұпай жинады	Жеке жұмыс жасайды	Дескриптор: Есептің шартын жазады-16 Шешуін теңдеу құру арқылы шығарады-16 Есептің жауабын жазады-16	суреттер
	Жаңа сабақ ФС тапсырма	Жаттығу жасайды	Дескриптор: Құрама есепті шығарады-16 Жауабын жазады-16	Оқулық
Сергіту сәті 2 минут	1-тапсырма Есепті теңдеу құрып шығар. Мирас-16 ұпай Алмат-? Одан 2 есе кем ұпай $16/x=2$ $X=16/2$ $X=8$ Жауабы: Алмат 8 ұпай жинады	Есепті шығарады	Сен мықтысың!	Суреттер
	2-тапсырма Қысқаша жазбаны пайдаланып, құрама есеп құрастыр. Оны шығар. Шешуі: $8/2=4$ $8-4=4$ Жауабы: 4 ұпай кем ЕБҚ	Кері есептер шығарады	Дескриптор: Есепті шығарады-16 Жауабын жазады-16	Оқулық
	3-тапсырма Лагерьге бқыз бұл Ұлдарға қарағанда 2 есе кем Неше ұл артық барды? Шешуі: $6*2=12$ $12-6=6$ Жауабы: 6 ұл артық барды	Топпен жұмыс жасайды	Дескриптор: Кері есеп құрастырады-16 Жауабын жазады-16	Суреттер
	Құндылық мақсаты: Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау Жұптық жұмыс	Сызба бойынша есепті шығарады	Дескриптор: Есепті шығарады-16 Жауабын жазады-16	
	4-тапсырма Есепті шығар. 18 гүлді 3 қатарға отырғызды Әр қатарға -? Гүл Шешуі: $18/3$ Жауабы 6 гүл ЕҚБ	Үй тапсырмасын алады	Дескриптор: Дескриптор: Сызба бойынша есепті шығарады-16	
	5-тапсырма 4-тапсырмаға кері есеп құрастыр. 18 гүлді әр қатарға 6-дан отырғызды	Топтық жұмыс 6-тапсырма Сыйымдылығы 2л Сусепкіш -3 Барлығы -? л су септі Шешуі: $2*3$ Жауабы: 6 л су септі		
		7-тапсырма Сызбалар бойынша амалдарды орында		
				










Сабақты қорыту 8 минут	Неше қатар отырғызды? Шешуі: 18/6 Жауабы: 3 қатарға отырғызды			Сызба
Кері байланыс 5 минут	Үй тапсырмасы 8-тапсырма Есепті шығар Таңертең 10 түп, бұл Кешкіге қарағанда 2 есе кем Кешке неше түп көшет отырғызды? Шешуі: 10*2 Жауабы: 20 көшет отырғызды Таңертең 10 көшет Кешке -? 2 есе артық 10*2 Жауабы: кешке 20 түп көшет отырғызды	Кері байланыс береді	«Әуе шары» әдісі	Жұмыс дәптері
				Кері байланыс тақтасы




НАУРЫЗБАЕВА АЙЖАН ШАЯХМЕТОВНА,
Бастауыш сынып мұғалімі. Екпінді бастауыш мектебі.
Ескелді ауданы. Жетісу облысы

№157 сабақ. Бұрыштарды өлшеу және салу

Білім беру ұйымының атауы	Екпінді бастауыш мектебі			
Пәні:	Математика			
Бөлім:	Үшбұрыш. Симметрия			
Педагогтің аты-жөні:	Наурызбаева Айжан Шаяхметовна			
Сынып:	4			
Сабақтың тақырыбы:	№157 сабақ. Бұрыштарды өлшеу және салу			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.2.1 - нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу			
Сабақтың мақсаты	Берілген градустық өлшем бойынша бұрыш, тікбұрышты үшбұрыш, перпендикуляр түзулер сызады			
Құндылық: (Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II,III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)	«АДАЛ АЗАМАТ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ			
	Мамыр айы: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ			
	Апта дәйексөзі:«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Ұйымдас- тыру	Сабаққа дайындық жасату Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Жылы лебіздер айтады	Мадақтау арқылы бағалап отыру	
Өзін-өзі тексеру	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін.		ҚБ: 	Суреттер
Өткен білімді еске түсіру	Құндылық мақсаты: Өзгелерге мейірімділік, жанашырлық таныта білу Өткенді қайталау Үй тапсырмасы №10 есеп Үлгі ретінде көрсетілген.	Үй тапсырмасын тексертеді	Дескриптор: Берілген градусық өлшемдері бойынша бұрыш сызады-1Б	Оқулық
Жаңа білім	1  $\angle BOM = 30^\circ$ сүйір 2  $\angle LMN = 50^\circ$ сүйір 3  $\angle MNO = 100^\circ$ (доғал) 4  $\angle MNO = 135^\circ$ (доғал) 5  $\angle COM = 45^\circ$ (сүйір) 6  $\angle CAB = 35^\circ$ (сүйір)	Бұрыштарды сы- зады Өрнектің мәнін есептейді Тапсырманы әр оқушы өз деңгейінде орын- дайды	Бұрыштардың қасиеттерін атайды-1Б Дескриптор: Амалдардың орындалу ретін біледі-1Б Өрнектердің мәнін табады- 1Б	Бұрыш сызу үлгісі
	Жаңа тақырып Саралау: тапсырма №1 есеп 1 4 2 5 3 $34 \cdot 12 + 1568 / 16 + 788 \cdot 2 = 2082$ ЕБҚ Мақсаты: бұрыш түрлерін меңгерту №2 есеп $\angle ABC = 1400$ доғал бұрыш $\angle HGI = 250$ сүйір бұрыш $\angle VON = 900$ тік бұрыш	Бұрыштарды өлшейді	Дескриптор: ЕБҚ Бұрыштардың өлшемін жазады-1Б Берілген бұрыштардан 250-қа үлкен бұрыш сызады-1Б	Суреттер
	№3 есеп $\angle BVC = 40^\circ$  $\angle PED = 115^\circ$  ЕКБ Мақсаты: бұрышты дұрыс сыза білуге үйрету	Бұрыштың өлшемін жазады	Дескриптор: Тікбұрышты үшұрыш сызады-1Б Оның бұрышының өлшемін табады-1Б	Суреттер
	№4 ЕСЕП 		Дескриптор: ЕҚБ Үшбұрыштың бұрыштарын өлшейді-1Б	Сызғыш

№5 есеп 1) $\Delta A=600$ $\Delta A+\Delta B+\Delta C=600+600+600=1800$ $\Delta B=600$ $\Delta C=600$ 2) $\Delta D=900$ $\Delta P=650$ $\Delta E=250$ $\Delta D+\Delta P+\Delta E=900+650+250=1800$ 3) $\Delta I=350$ $\Delta G=1300$ $\Delta H=150$ $\Delta I+\Delta G+\Delta H=350+1300+150=1800$ Нәтиже: кез келген үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы 1800-қа тең	Үшбұрыш сызады бұрыштардың бұрыштарының қосындысын табады Бұрыштардың өлшемін анықтайды	Үшбұрыштың бұрыштарының қосындысын табады-1Б Қорытынды жасайды-1Б ҚБ:  Дескриптор: Транспортирдің көмегімен бұрыштардың өлшемін анықтайды-1Б	
№6 есеп 1) $\Delta d=600 \cdot 1800-(500+700)=600$ 2) $\Delta b=750 \cdot 1800-(550+500)=750$ 3) $\Delta a=600 \cdot 1800-(800+400)=600$ №7 есеп $\Delta a=650$ $\Delta b=1200$	Тапсырманы орындайды Есептеу жүргізеді Есептерді шығарады Жұмыс нәтижесіне қарай бағаланады	Жұптық жұмыс орындайды-1Б Дескриптор: Тапсырманы орындайды-1Б Көлік дөңгелектерінің бұрылу бұрыштарын өлшейді-1Б	Транспортир Бұрышты сызу үлгісі
ЖИ: «wordwall.» ойыны №8 есеп $7007 \cdot 428 / (81405-81191)=14014$ $444 \cdot 209 / (10105-9957)=627$ $344 \cdot 627 / (9107-8978)=1672$ $276 \cdot 775 / (30026-29796)=930$ $(7294/14+12960/27)/91=11$ $(131364/41-19000/25)/52=47$	Сымның массасын табады Сызба бойынша өрнек құрады	Дескриптор: Амалдардың орындалу ретін біледі-1Б Есептеу жүргізе алады-1Б Дескриптор: Есептерді шығарады, еңбек өнімділігін табады-1Б Масса өлшем бірліктерін біледі, оларды қолданады-1Б	Суреттер Оқулық Суреттер
Саралау: нәтиже №9 есеп А) 1 жұмысшы-2 апта, ?тг 90 000 тг 2 жұмысшы-4 апта, ?тг Еңбекақы-бірдей III: $2+4=6$ апта $90\,000/6=15\,000$тг (1 аптада) $15\,000 \cdot 2=30\,000$ тг (1 ж) $15\,000 \cdot 4=60\,000$ тг (2 ж) Ж: 1 жұмысшы 30 000 тг, 2 жұмысшы 60 000 тг еңбекақы алады Ә) $25\text{м}=700\text{ г}$ 1 орам-? г, 30 м 2 орам-?г, ?м, 15 м артық $700/25=28\text{г/м}$ $30 \cdot 28=840\text{г}$ (1 орам) $(30+15) \cdot 28=1260\text{г}$ (2 орам) Ж: 1 орам-840 г, 2 орам-1260 г.	Есепті шығарады Қай қорап ауыр екенін табады Шығармашылық жұмыс жасайды	ҚБ:  Дескриптор: Сызба бойынша өрнек құрастырады-1Б Өрнектің мәнін табады-1Б	Көлік дөңгелектері Оқулық суреттер Сым түрлері Сызба Оқулық

Бекіту	№10 есеп $\begin{array}{ccccccc} 1 & 2 & & 7 & & 3 & 4 & 8 \\ (128 \cdot 12 - 1200) + 3225 / 15 \cdot 62 - \\ 5 & 6 \\ 328 \cdot 25 / 5 = 12026 \end{array}$	Үй тапсырмасын алады	Дескриптор: Зерттеу жұмысын жүргізеді-1Б	Таразы
Кері байланыс	Саралау: шығармашылық №11 есеп 1) №1 және №2 қораптарды таразыға өйіп, ауырын таңдаймыз. 2) 1-ші өлшеудегі салмағы жеңіл болған өорап пен №3 қорапты таразыға қоямыз. Егер №3 қораптың салмағы жеңіл болса, онда өлшеуді тоқтатамыз. Ал ауыр болса, 1-ші өлшеудегі салмағы ауыр қорапты салыстырамыз. 3) 1-ші және 2-ші өлшеулерден анықталған ауыр қораптарды салыстырып, салмақтарын өлшейміз. Сонда қораптың ауыры мен жеңілі айқындалады. 4) Осылайша, кіртасы жоқ табақшалы таразының көмегімен олардың массаларын анықтап, өсу ретіне қарай орналастыра аламыз.	Бұрыштарды сызады	ҚБ: Дескриптор: Бұрыштарды сызады-1Б	Қораптар Таразы Оқулық
	Үй тапсырмасы №12 есе 	Кері байланыс жасайды	Берілген бұрыштардан 100 кіші бұрыштарды сызады.	Суреттер
			ҚБ:	Кері байланыс стикерлері
			Формативті бағалау - өте жақсы - жақсы - орташа «Бес саусақ» әдісі	
			Рефлексия-кері байланыс 	



КОЙШЫБАЕВА ЖАНЫЛСЫН ЖАКЫПБЕКОВНА,

«Шонжы политехникалық колледжі» МКҚК Директордың кәсіптік оқыту ісі жөніндегі орынбасары Ұйғыр ауданы. Алматы облысы

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесін жаңғырту, оның мазмұнын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – мемлекеттік маңызы бар стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады. Экономиканың қарқынды дамуы, өндірістік технологиялардың жаңаруы және цифрландыру үдерістерінің күшеюі

мамандардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертуде. Осыған байланысты білім беру ұйымдары тек теориялық білім берумен шектелмей, білім алушылардың нақты өндірістік ортада жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға басымдық беруі қажет.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде теориялық білім мен

практикалық дағдылардың арасында белгілі бір алшақтық сақталып келеді. Нәтижесінде көптеген түлектер еңбек нарығына шыққанда кәсіби қызметке бейімделуде қиындықтарға тап болады. Бұл мәселе жұмыс берушілер тарапынан тәжірибелі, өз ісін меңгерген, өндірістік процестерді түсінетін мамандарға деген сұраныстың артуымен одан әрі өзектеніп түсуде. Сондықтан білім беру мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту – бүгінгі күннің негізгі талаптарының бірі. Осы тұрғыда дуальды оқыту жүйесі тиімді әрі нәтижелі механизм ретінде қарастырылады. Дуальды оқыту – білім беру процесі мен өндірістік тәжірибені қатар ұйымдастыру арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жүйе.

Бұл тәсіл білім алушыларға оқу барысында теориялық білімін практикада бекітуге, нақты еңбек жағдайымен танысуға және кәсіби ортаға ерте бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дуальды оқыту жүйесі жұмыс берушілердің білім беру процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында еңбек нарығының талаптары қарқынды өзгеріп, жұмыс берушілер тарапынан кәсіби құзыреттілігі жоғары, тәжірибесі бар және өндірістік ортаға тез бейімделе алатын мамандарға сұраныс артып отыр. Дәстүрлі білім беру жүйесінде теориялық дайындық басым болғанымен, түлектердің

нақты өндірістік дағдыларының жеткіліксіздігі олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін төмендететіні байқалады. Осыған байланысты білім беру мен өндіріс арасындағы алшақтықты қысқарту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Осы тұрғыда дуальды оқыту жүйесін енгізу ерекше маңызға ие. Бұл жүйе білім алушылардың оқу процесін өндірістік практикамен ұштастыруға мүмкіндік беріп, олардың теориялық білімдерін нақты жұмыс жағдайында бекітуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде білім алушылар оқу барысында-ақ кәсіби тәжірибе жинақтап, еңбек нарығының нақты талаптарына бейімделеді.

Кәсіпорындардың оқу бағдарламаларын әзірлеуге, өндірістік практиканы ұйымдастыруға және білім алушылардың құзыреттіліктерін бағалауға қатысуы түлектердің даярлық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде жұмыс берушілердің кадрларға деген қажеттілігін тиімді қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, дуальды оқыту жүйесі білім алушылардың кәсіби бағдарын ерте кезеңде анықтауға, олардың еңбекке деген жауапкершілігін, өндірістік мәдениетін және кәсіби бейімделу қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Бұл факторлар түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттырып қана қоймай, олардың еңбек нарығында ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



ШАХХМЕТОВА АЙГУЛЬ САЙЛАУОВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы

№87 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының ерекшеліктері

Аңдатпа

Мақалада ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының теориялық және практикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі жаһандану жағдайында жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтап, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі талданады. Зерттеу барысында мектептегі тәрбие жүйесіне енгізілген «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», қолөнер үйірмелері, ұлттық ойындар мен мәдени-ағартушылық іс-шаралардың тәрбиелік ықпалы зерделенді. Нәтижесінде ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының оқушылардың патриоттық сезімін, ұлттық сана-сезімін, еңбекқорлығын және әлеуметтік жауапкершілігін дамытудағы маңызы анықталды.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылық, тәрбие, әкелер мектебі, аналар мектебі, қолөнер үйірмесі, ұлттық

тәрбие, патриотизм, рухани құндылық.

Abstract

This article examines the theoretical and practical features of educational work based on national values. In the context of globalization, the relevance of preserving the national identity of the younger generation and fostering their spiritual and moral qualities is analyzed. The study investigates the educational impact of the “Fathers’ School,” “Mothers’ School,” handicraft clubs, national games, and cultural-educational activities incorporated into the school upbringing system. The findings reveal the significant role of value-based educational work in developing students’ patriotism, national consciousness, diligence, and social responsibility.

Keywords: national values, education, Fathers’ School, Mothers’ School, handicraft club, national upbringing, patriotism, spiritual values.

Еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, рухани бай, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ұлттық болмысты сақтау мен жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударып келеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие жұмыстары ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді жаңғыртуға, ұлттық сананы қалыптастыруға және жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталуда.

Ұлттық тәрбие – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, дүниетанымы мен мәдени мұрасы негізінде тұлғаны қалыптастыру үдерісі. Ұлттық құндылықтар арқылы оқушылардың бойында отансүйгіштік, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқорлық жасау, еңбекқорлық, жауапкершілік, ізгілік пен адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Сондықтан ұлттық тәрбиені мектептің тәрбие жүйесіне енгізу – уақыт талабы. Қазақ халқының тәрбие жүйесі адамгершілік, еңбек, отбасы және рухани құндылықтарға негізделген. Ұлы ойшыл Әл-Фараби, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, ағартушылар Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлы еңбектерінде тәрбиенің ұлттық негіздері кеңінен қарастырылған. Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?» – деп, ұрпақ тәрбиесінің қоғам үшін маңызын ерекше атап көрсеткен. Бұл ой қазіргі тәрбие жұмыстарының да негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Мектептерде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жобалары жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Бұл жобалар отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Мектептегі ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі – отбасы институтын нығайту және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру болып табылады. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» және «Әжелер мектебі» жобалары жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Бұл жобалар оқушылардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсетуіне, отбасылық тәрбие негіздерін меңгеруіне оң ықпал етуде.

«Әкелер мектебі» жобасының негізгі мақсаты – әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, ұлттық тәрбие берудегі жауапкершілігін күшейту және отбасы құндылықтарын насихаттау. Қазақ халқында әке отбасының тірегі, шаңырақтың қорғаны әрі ұрпаққа бағыт-бағдар беруші тұлға ретінде бағаланған. Сондықтан мектеп тәжірибесінде әкелердің қатысуымен тәрбиелік мәні зор іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, «Әке көрген оқ жонар» атты тағылымды кездесу кешінде әкелер өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, еңбек пен адалдықтың маңызы туралы әңгімелейді. «Әкем – асқар тауым» спорттық сайысы арқылы әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынас нығайтылып,

салауатты өмір салты насихатталды. Сонымен қатар «Ұрпақ тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбындағы дөңгелек үстел, «Әке көрген оқ жонар» пікір алмасу алаңы және «Әкеге құрмет – ұрпаққа міндет» тәрбиелік кездесуі ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралар барысында оқушылар әкелерінің өмірлік ұстанымдары мен тәжірибелерінен тағылым алып, жауапкершілік, тәртіп, еңбекқорлық және отансүйгіштік қасиеттерді бойына сіңірді.

Қазақ қоғамында ананың тәрбиелік орны ерекше. Ана – мейірімнің, ізгіліктің, парасаттылықтың символы. Осыған байланысты мектептерде ұйымдастырылған «Аналар мектебі» жұмысы қыз балаларды ұлттық тәрбиеге баулуда және отбасы құндылықтарын дәріптеуде маңызды рөл атқарады. Жоба аясында «Ана – өмір шуағы» атты кездесу кеші өткізіліп, аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі мен өмірлік өнегесі насихатталды. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тағылым сағатында ұлттық дүниетанымдағы қыз баланың орны мен тәрбиесі туралы мазмұнды пікірлер айтылды. Сондай-ақ «Инабатты қыз – ұлт болашағы» қыздар жиналысы, «Ұлттық тағам – ұлт қазынасы» шеберлік сабағы және «Қызға қырық үйден тыйым» тәрбиелік әңгімесі ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар қыз балалардың бойында инабаттылық, әдептілік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастырып, ұлттық дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Ұлттық тәрбиенің алтын арқауы саналатын тағы бір маңызды жоба – «Әжелер мектебі». Қазақ халқында әже тәрбиесі ұрпақ сабақтастығының негізі болып есептеледі. Әжелер – халық даналығының, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың сақтаушылары. Осы мақсатта мектептерде «Әже өнегесі – ұрпаққа мұра» атты кездесу кештері өткізіліп, ақ жаулықты әжелер жастарға өнегелі әңгімелер айтып, ұлттық тәрбиенің мәнін түсіндірді. Сонымен қатар «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» тақырыбындағы танымдық сұхбат, «Бесік жыры – тәрбие бастауы» әдеби-музыкалық кеші, «Әжемнің ақ жаулығы» тәрбиелік сағаты және «Салт-дәстүр – асыл қазынам» ұлттық құндылықтар фестивалі ұйымдастырылды. Мұндай шаралар арқылы оқушылар халқымыздың салт-дәстүрлерін тереңірек танып, үлкенді құрметтеу, сөз қадірін білу, отбасы бірлігін сақтау сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіреді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі тағы бір маңызды бағыт – қолөнер үйірмелерінің жұмысы. Ұлттық қолөнер халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Қолөнер үйірмелері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оларды еңбекке баулиды, төзімділік пен ұқыптылыққа тәрбиелейді. Үйірме жұмыстары барысында оқушылар кесте тігу, құрақ құрау, киізден бұйым жасау, ұлттық ою-өрнек салу және ағаш өңдеу өнерінің қыр-сырын меңгереді. Осы бағытта «Шебер қолдар» көрмесі, «Ұлттық өнер – ұрпаққа мұра» қолөнер байқауы, «Қолөнер – халық қазынасы» шеберлік сағаты және «Ою – ұлттық кодтың көрінісі» көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мұндай жұмыстар оқушылардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырып, эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Ұлттық ойындар да тәрбиелік жұмыстардың маңызды

құрамдас бөлігі болып табылады. Олар оқушылардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұлттық рухын көтеруге, тарихи танымын кеңейтуге ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту, бес тас, қазақша күрес сияқты ұлттық ойындар кеңінен насихатталып келеді. Осы мақсатта «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» спорттық фестивалі, «Асық ату – бабалар мұрасы» мектепшілік турнирі, «Тоғызқұмалақ – ой мен зерденің ойыны» зияткерлік жарысы және «Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ» ұлттық спорт күні ұйымдастырылды. Ұлттық ойындар оқушылардың шапшаңдығын, төзімділігін, тапқырлығын, батылдығын дамытып, командалық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Осылайша, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жобалары, қолөнер үйірмелері мен ұлттық ойындар оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда және ұлттық мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Бұл жұмыстардың барлығы өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарды қадірлейтін, елжанды, мәдениетті және жауапкершілігі жоғары азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы – өскелең ұрпақты жан-жақты дамытудың маңызды тетігі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектеп тәжірибесінде жүзеге асырылатын «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», қолөнер үйірмелері, ұлттық ойындар мен мәдени іс-шаралар оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Сондықтан тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде енгізу, ата-аналармен серіктестікті нығайту және ұлттық мәдени мұраны насихаттайтын жобаларды көбейту қажет. Бұл өз кезегінде елін, жерін сүйетін, ұлттық рухы жоғары, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2025.
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2024.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Рауан.
4. Қожахметова К. Ұлттық тәрбие теориясы. – Алматы.



ГАЛИМЖАНОВА РУМИЯ НУРЛЫГАЙНОВНА,

Жетісуская область, город Талдыкорган КГУ средняя школа №9 имени

С.Муратбекова с ДМЦ учитель начальных классов, учитель-исследователь

СЛОВА, ПРОТИВОПОЛОЖНЫЕ ПО ЗНАЧЕНИЮ. ВОСПИТАНИЕ ХАРАКТЕРА

Развитие читательской грамотности через технологию «Лови ошибку»

Как стратегия «Лови ошибку» способствует развитию читательской грамотности учащихся 2 классов на уроках русского языка и литературы



Раздел:	В здоровом теле – здоровый дух!	
ФИО педагога	Галимжанова Р.Н.	
Дата:	20.01	
Класс: 2Д	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:
Тема урока	Слова, противоположные по значению. Воспитание характера.	
Цели обучения в соответствии с учебной программой	2.1.5.1 строить монологическое высказывание на заданную и интересующую учащихся тему, раскрывая тему и основную мысль на основе опорных слов. 2.2.2.1 различать синонимы, антонимы, омонимы и понимать их роль в тексте. 2.3.1.2 создавать небольшие тексты (рассказ) на основе особенностей художественного стиля (с помощью учителя);	
Цели урока	Узнают, какие слова называются противоположными по значению.	

Ценности		Закон и порядок		
Ход урока				
Этап урока/ Время	Действия педагога	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы
Начало урока 0-3 мин	Создание положительного эмоционального настроя. Вот и прозвенел звонок, Нужно нам начать урок. Встаньте прямо, подтянитесь И друг другу улыбнитесь. А теперь садитесь! – Проверим готовность к уроку	Дети приветствуют учителя.		https://www.uchportal.ru/publ/23-1-0-1735 слайд1
Середина урока 4-40 мин	Сегодня на уроке мы продолжим работать по стратегии «Лови ошибку» Будем оценивать себя, ставить баллы на карточке самооценивания. -Какой праздник мы отмечали 1 января?... Будем вешать игрушки на елку, если ответите верно на вопросы и выполнять задания. К концу урока у нас будет нарядная елка. -Что нужно для того, чтобы в конце урока у вас было 10 баллов и нарядная елка? 1. Проверка домашнего задания Прием «Брейн-ринг». Задаются вопросы, требующие лаконичных ответов. -Поймали ошибки? 2. Актуализация жизненного опыта. Целеполагание. С какими словами мы познакомились на прошлых уроках? - Определите тему урока. 3. Работа над темой урока. 1. Оформление тетрадей 20 января Классная работа Минутка чистописания Сн 2. Запись пословицы с соблюдением высоты, ширины и наклона прописных и строчных букв, их соединений. Характер определяет человека. Работа с пословицей по плану: 1. Чтение пословицы. 2. Объяснить значение непонятных слов. 3. Выяснить смысл пословицы в целом: о чём она и чему учит? 4. Подобрать жизненную ситуацию, в которой можно употребить данную пословицу ИИ знакомство с темой урока. -Б) с. 10 Упр. 1. Исследование. -Рассмотрите картинки. Сравните по весу, высоте и цвету. Запишем предложения в тетрадь. Читаем правило. Закрепляем своими примерами и упр.2 устно. Минутка отдыха Ученики рассказывают стихи о зимних играх. Беседа о здоровом образе жизни. 4. Работа в группах 1 группа Найди слова-близкие по значению, «Замени слово с противоположным по значению словом с орфограммами жи-ши, ча-ща, чу-щу.»	Ученики отвечают на вопросы учителя. Ученики отвечают на вопросы «Брейн-ринга» Формулируют тему урока. Оформляют тетради. Пишут буквы Сн Ученики объясняют смысл пословицы Работают с пословицей по плану. Слушают ИИ Дети исследуют предметы. Сравнивают и записывают предложения. Дети слушают стихи одноклассников. Ученики работают в группах Защита групповой работы учащихся	ФО. Оценивается уровень развития речи. ФО «словесная похвала» 10 вопросов ФО Оценивается каллиграфия ФО Могут определить слова близкие и противоположные по значению.  Затрудняюсь определить.  ФО Дескрипторы: 1.Сравнивают по весу, высоте и цвету (16.) 2.Записывают предложения в тетрадь. (16.) Дескрипторы 1гр. 1. Найдут слова-близкие по значению (16.)	Слайд 2 Слайд 3 тетрадь слайд 4 Учебник с.14-15 тетрадь с.14№ 1. Слайд 5 с.14 № 2 слайд 6 слайд 7 слайд 8 Слайд 9 Карточки слайд 10

	Узкий – ш... маленькие – б... свои -ч... провождает – в... мертвый -ж... редко -ч... говорить -п... (молчать) чистый -ч... болтун -м... радость -п... конец -н... 2 группа Найдите слова противоположные по значению. Раскрасьте их одним цветом. 3 группа «ПЕРЕПУТАННЫЕ СМЫСЛЫ» Лови ошибку В каждом предложении есть неподходящее слово. Найди его и замени на противоположное по смыслу, чтобы предложение стало правильным. - Зимой день длинный, а ночью светло. - Мышка большая, а слон маленький. - Улитка бежит быстро, а заяц медленно. - Летом погода холодная, а зимой жаркая. 4 группа Два антонима – один ответ. Подбери одно слово, которое будет противоположным сразу двум словам. Пример: мокрый, сырой сухой - смелый, храбрый _____ - тёмный, мрачный _____ - высокий, длинный _____ - весёлый, грустный _____ Для закрепления темы работа по карточкам. Соедини пары антонимов стрелками Задание для ООП 1.Дополни предложения 2.Подпиши картинки и соедини друг с другом 3.Прочитай слова и запиши антонимы Делаем выводы: - Какие слова называем противоположными по смыслу? - Что нужно делать, чтобы воспитать в себе характер? Подсчитываем баллы за урок.	ООП выполняет с помощью ассистента учителя. С.р.учащихся по карточкам. (самопроверка) Ответы учеников. Проводят самооценку работы на уроке	2. Заменяют слово с противоположным по значению словом с орфограммами жи-ши, ча-ща, чу-щу (16.) 3. Найдите ошибку (16.) Дескрипторы 2гр. 1. Найдут слова противоположные по значению. (16.) 2. Раскрасят их одним цветом. (16.) 3. Найдите ошибку (16.) Дескрипторы 3гр. 1.Найти в предложении неподходящее слово. (16.) 2. Замените это слово на противоположное по смыслу, чтобы предложение стало правильным. (16.) 3.Найдите ошибку (16.) Дескрипторы 4 гр. 1. Подберите одно слово, которое будет противоположным сразу двум словам. (26.) 2.Найдите ошибку. (16.) Дескрипторы 1.Соедини пары антонимов стрелками (56.) Дескрипторы: 1. Дополнит предложения 2. Прочитает слова 3.Запишет антонимы. (36.) ФО «Словесная похвала»	тетрадь слайд 11 Карточка тетрадь Карточки Карточки карточка
Конец урока 41-45 мин	Итог урока. Рефлексия. Какие слова обозначают одно и то же, но по-разному пишутся - (близкие по значению слова). Синонимы? Какие слова обозначают противоположности - (противоположные по значению слова) антонимы? Поймали ошибки? Достигли цели урока? Домашнее задание: с. 15 № 4.	Дети отвечают на вопросы. Записывают д/з	Ученики раскрашивают игрушки на елку яркими цветами: желтым, красным, оранжевым если понял тему урока. Раскрашивают синим и голубым, если есть вопросы, надо поработать.	слайд Картинка



МАМАДИЯРОВА ГҮЛЗИРА БАТЫРХАНҚЫЗЫ

Астана қаласы "104 жалпы білім беретін мектеп" ШЖҚ КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ұлттық құндылық пен көркем сөзді ұштастырған «Сөз сазы» бағдарламасы

Аңдатпа

Мақалада 6-сынып оқушыларына арналған «Сөз сазы» авторлық бағдарламасының мазмұны, мақсаты мен педагогикалық маңызы қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың мәнерлеп оқу, өлеңді жатқа айту, көркем мәтінді түсініп қабылдау және әдеби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар мақалада ұлттық құндылықтарды көркем сөз арқылы меңгерудің тиімді жолдары мен педагогикалық әдістері талданады.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, көркем сөз, мәнерлеп оқу, әдеби сөйлеу, поэзия, оқушы тұлғасы, педагогикалық әдіс.

Abstract

The article examines the content, purpose, and pedagogical significance of the author's program "The Melody of Words", designed for 6th-grade students. The program is aimed at developing students' expressive reading skills, reciting poems by heart, understanding and perceiving literary texts, and forming a culture of literary speech. In addition, the article analyzes effective ways and pedagogical methods of teaching national values through artistic expression.

Keywords: national value, artistic expression, expressive reading, literary speech, poetry, student personality, pedagogical method.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білімді, ойлы, рухани бай, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін тұлға тәрбиелеу. Бұл бағытта әдебиет пәнінің, көркем сөздің, поэзияның алатын орны ерекше. Себебі көркем шығарма оқушының ой-өрісін дамытып қана қоймай, оның сезіміне әсер етеді, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, туған жерге, отбасына, анаға, ұстазға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады.

Осы тұрғыдан алғанда, 6-сынып оқушыларына арналған «Сөз сазы» авторлық бағдарламасы ұлттық тәрбие мен көркем сөз мәдениетін ұштастыратын маңызды педагогикалық құрал болып табылады. Бағдарлама мазмұнында Отан, туған жер, отбасы, ана, ұстаз, ұлттық код, ұлттық құндылықтар, табиғат лирикасы тақырыптарындағы поэзиялық шығармалар қамтылады. Бұл тақырыптар оқушының рухани дүниесін байытып, әдебиетті жүрекпен қабылдауына ықпал етеді.

«Сөз сазы» бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды көркем сөзді түсініп оқуға, өлеңнің ырғағы мен сазын сезінуге, мәтінді мәнерлеп жеткізуге және әдеби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға үйрету. Бағдарламаның басты міндеттері: оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын дамыту; өлеңді жатқа айту мәдениетін қалыптастыру; көркем мәтінді түсініп

қабылдауға үйрету; әдеби тілде сөйлеу қабілетін жетілдіру; ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін тәрбиелеу; оқушының сахналық сөйлеу, дауыс мәнері, интонация, дикция дағдыларын дамыту; көркем шығармалар арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, табиғатты аялауға баулу. Бағдарлама оқушыны тек өлең оқуға ғана емес, сөздің мағынасын түсінуге, автор ойын сезінуге, көркем мәтіннің тәрбиелік мәнін ұғынуға бағыттайды.

Ұлттық құндылық – ұлттың рухани тірегі. Оған тіл, діл, салт-дәстүр, туған жер, отбасы тәрбиесі, үлкенге құрмет, кішіге ізет, елге сүйіспеншілік сияқты қасиеттер жатады. «Сөз сазы» бағдарламасында осы құндылықтар поэзиялық шығармалар арқылы оқушы санасына сіңіріледі. Мысалы, Отан және туған жер тақырыбындағы өлеңдер оқушының елге деген сүйіспеншілігін арттырса, ана мен отбасы туралы шығармалар мейірім, құрмет, жауапкершілік сезімдерін дамытады. Ұстаз туралы өлеңдер білімге, ұстаз еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелейді. Табиғат лирикасы оқушыны қоршаған ортаны аялауға, табиғат сұлулығын сезінуге үйретеді. Көркем сөз арқылы берілген тәрбие оқушыға құрғақ насихат түрінде емес, әсерлі, бейнелі, сезімге жақын түрде жетеді. Сондықтан «Сөз сазы» бағдарламасы ұлттық тәрбиені әдеби-эстетикалық бағытпен байланыстыра отырып жүзеге асырады.

«Сөз сазы» бағдарламасында қолданылатын педагогикалық әдістер оқушының көркем сөзді терең сезінуге, әдеби мәтінді саналы қабылдауына және өз ойын әсерлі жеткізе білуіне бағытталады. Бағдарламаның негізгі өзегін мәнерлеп оқу әдісі құрайды. Мәнерлеп оқу – оқушыны сөздің сыртқы дыбысталуын ғана емес, оның ішкі мағынасын, көңіл күйін, көркемдік қуатын сезінуге баулитын маңызды әдіс. Өлеңді мәнерлеп оқу барысында оқушы әр сөзді анық айтуға, дауыс ырғағын орынды қолдануға, кідіріс пен екпінді дұрыс қоюға, шығарманың эмоциялық әсерін тыңдаушыға жеткізуге дағдыланады. Бұл үдеріс оқушының тіл байлығын арттырып, сөйлеу мәдениетін дамытады, сахналық сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Ең бастысы, мәнерлеп оқу арқылы бала көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз ойын сенімді әрі әсерлі жеткізуге үйренеді.

Көркем мәтінді меңгертуде түсініп оқу әдісінің де маңызы ерекше. Себебі өлеңді жатқа айту немесе мәнерлеп оқу үшін оқушы ең алдымен оның мазмұнын терең түсінуі қажет. Түсініп оқу барысында оқушы өлеңдегі негізгі ойды, ақынның айтар идеясын, шығарманың көңіл күйін, көркемдік ерекшелігін анықтайды. Мұғалімнің «Өлең не туралы?», «Ақын қандай ой айтқысы келді?», «Өлеңдегі негізгі сезім қандай?», «Қай жолдар саған ерекше әсер етті?» деген

бағыттаушы сұрақтары оқушыны ойлануға, мәтінге үңілуге, өз пікірін айтуға жетелейді. Осылайша оқушы көркем шығарманы жай ғана оқып қоймай, оны жүрегімен қабылдауға, автор сезімін түсінуге, мәтіннен өмірлік мән іздеуге үйренеді.

Бағдарламада сұрақ-жауап әдісі де тиімді қолданылады. Бұл әдіс оқушының көркем мәтінді қаншалықты түсінгенін анықтап қана қоймай, оның ойлау белсенділігін арттырады. Мәселен, ана туралы өлеңді өткен кезде «Ана бейнесі өлеңде қалай суреттелген?», «Анаға құрмет көрсету дегенді қалай түсінесің?», «Өлеңнің қай тұсы саған ерекше әсер етті?» деген сұрақтар арқылы оқушы өз ойын еркін білдіреді, жеке көзқарасын қалыптастырады. Сұрақ-жауап әдісінің құндылығы – оқушыны дайын жауапты қайталауға емес, өз пайымын айтуға, сезімін сөзбен жеткізуге, дәлелді сөйлеуге дағдыландыруында. Бұл әдіс арқылы әдебиет сабағы мұғалім мен оқушы арасындағы шынайы рухани әңгімеге айналады.

Рөлдік оқу және сахналау әдістері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарады. Кейбір поэзиялық немесе прозалық мәтіндерді рөлге бөліп оқу арқылы оқушы кейіпкердің

мінезін, көңіл күйін, дауыс мәнерін жеткізуге үйренеді. Ал сахналау әдісі оқушыларды бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеуге, тыңдай білуге, жауапкершілікке, шығармашылық ізденіске және сахналық мәдениетке тәрбиелейді. Бұл әдіс әсіресе әдеби кештерде, мәнерлеп оқу сайыстарында, тәрбие сағаттарында тиімді қолданылады. Сахнаға шығу арқылы оқушы өз қабілетін танытады, ұялшақтықтан арылып, сөз өнеріне жақындай түседі.

Қорыта айтқанда, «Сөз сазы» авторлық бағдарламасы – ұлттық құндылық пен көркем сөзді тиімді ұштастырған маңызды педагогикалық бағдарлама. Ол 6-сынып оқушыларының мәнерлеп оқу, өлеңді жатқа айту, көркем мәтінді түсініп қабылдау және әдеби сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған. «Сөз сазы» бағдарламасының басты құндылығы – оқушыны көркем сөзді құр оқуға емес, оны жүрекпен сезінуге, сөздің қадірін түсінуге, ұлттық рухты бойына сіңіруге тәрбиелеуінде. Сондықтан бұл бағдарлама әдебиетті сүйетін, ойын көркем жеткізе алатын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, рухани бай оқушы тұлғасын қалыптастыруда ерекше маңызға ие.



АБДИБЕКОВА АЙГУЛЬ ДЖАЛЕЛОВНА

Преподаватель «Математики»,

Талдықорганский индустриальный колледж г. Талдықорган, область Жетысу

Логарифмические уравнения и их системы

Тип урока: комбинированный

Цели, задачи: умение решать логарифмические уравнения и применять их при решении профессионально ориентированных задач

Ожидаемые результаты:

1. Составляет логарифмические уравнения по условию задачи;
2. Объясняет способы решения логарифмических уравнений;
3. Применяет свойства, правила при решении профессионально ориентированных задач.

Ценности: Независимость и патриотизм, единство и солидарность, справедливость и ответственность, закон и порядок, трудолюбие и профессиональная квалификация, созидание и новаторство.

5. Необходимые ресурсы:

1. А.Е.Абылқасымова, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жумагулова, Алгебра и начала анализа: Учебник для 11 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. 1-2 часть. Алматы: Мектеп, 2019г.
2. Справочные материалы (дидактические материалы, слайды)

Ход урока

Этап урока / Время	Действия педагога	Действия студента	Оценивание
I. Орг. II. момент	Проверить присутствующих и готовность к занятию. Прежде чем начать урок группу разбили на 3-микрогруппы и назначены капитаны команд.	Студенты готовятся к уроку. Группа разбита на команды: №1, №2, №3	

III. Актуализация ранее усвоенных знаний, умений	1. Блиц-турнир. Фронтальный опрос организуется в игровой форме. Побеждает команда, набравшая наибольшее количество лайков. 1. Какой учёный открыл логарифмы? 2. $\log_1 \frac{1}{3} x = 0$ 3. $\log_5 x = 3$ 4. Что такое логарифм? 5. $\log x 4 = 2$ 6. Что такое децибел? 7. $\log 2x = 1$ 8. $\lg x = -2$ 9. Применение логарифма в жизни (привести примеры) Если обучающийся ответил не правильно, право на ответ предоставляется другой команде.	Обучающиеся отвечают на вопросы Критерий: -знает определение логарифма. -формулирует и применяет основные свойства логарифмов. Дескриптор: -даёт определение логарифма; -правильно вычисляет простые логарифмы; -правильно отвечают на вопросы.	За каждый правильный ответ команда получает 10 баллов.
I. Изучение новой темы	1. Вводные вопросы: 1.Что значит «решить уравнение»? 2. Что такое корень уравнения? 3.Какие уравнения называют логарифмическим? Решение уравнений на основании определения логарифма, например, уравнение $\log_a x = b$ ($a > 0, a \neq 1, x > 0$) имеет решение $x = ab$. При решении логарифмических уравнений часто используются следующие методы: 1.Метод решения с помощью определения логарифма 2.Применение основного логарифмического тождества 3.Метод потенцирования 4.Метод введения новых переменных; 5.Метод приведения логарифмов к одному и тому же основанию. 6.Графический метод. Этапы решения логарифмических уравнений 1. Выписать условия, при которых логарифмическое уравнение определено 2. Выбрать метод решения 3. Решить уравнение 4. Для найденных корней проверить выполнение условий пункта 1 При записи ответа исключить посторонние корни 2. Практическое применение логарифмов Выступление преподавателя по спецтехнологии. (Преподаватель по спецтехнологии объясняет связь логарифмов со сварочными процессами с помощью искусственного интеллекта.) С целью повышения функциональной грамотности обучающихся предлагаются следующие задания. После отключения сварочной дуги температура металла описывается формулой Т-температура, t-время Найти: через сколько минут температура снизится С. T=2000 С Отв: 7 мин 3. «Защита проекта» (совместная групповая работа) Задача №1. Охлаждение сварочного шва. Температура сварочного шва после сварки равна С. Охлаждение описывается по формуле	Обучающиеся отвечают на устные вопросы Обучающиеся записывают определение в тетрадь. и записывают задачу. Обсуждают задание в группе, делятся своими мнениями, выполняют схему на предложенных постерах и защищают тему. Защищают свою тему. Обучающиеся делают выводы о влиянии логарифмических зависимостей на сварочный процесс полученными с помощью ИИ Обучающиеся решают практические задачи по расчёту параметров сварки с применением логарифмов №1 Критерий: - Правильно составляет логарифмическое уравнение на основе формулы охлаждения. - Применяет свойства логарифмов при преобразовании выражения.	Составление уравнение - 10б. Применены свойства логарифмов -10б. Правильно найдено время- 10б. Записан ответ с единицами- 10б.

	Найти: через сколько минут температура станет С. Отв: 8 мин Задача №2. Уровень шума при сварке. Интенсивность шума при сварке увеличилась в 100 раз по сравнению с допустимым уровнем . Найти увеличения уровня шума в децибелах. Отв: Задача №3. Затухание сварочного тока. После отключения сварочного аппарата ток уменьшиться по формуле: начальный ток Найти время t через которой ток уменьшится до. Отв: 2 Каждая из трёх групп выбирает индивидуальное задание, лист ответов и маркер определённого цвета. сек. 2. Тестовые задание. «Взаимопроверка» (работа в парах) Тестовые задания <table><tr><th>№</th><th>Задание</th><th colspan="4">Варианты ответов</th></tr><tr><td>1</td><td>Вычислить $\log 464$</td><td>3</td><td>4</td><td>6</td><td>1</td></tr><tr><td>2</td><td>x , если $\log 5x = 2$</td><td>3</td><td>1</td><td>2</td><td>1</td></tr><tr><td>3</td><td>Вычислить $5\log 54$</td><td>2</td><td>4</td><td>5</td><td>1</td></tr><tr><td>4</td><td>Вычислить: $\log 612 + \log 63$</td><td>4</td><td>2</td><td>1</td><td>3</td></tr><tr><td>5</td><td>Вычислить: $27\log 32$</td><td>8</td><td>3</td><td>2</td><td>2</td></tr><tr><td>6</td><td>$\log 3x = -1$</td><td>4</td><td>-</td><td>1</td><td>3</td></tr><tr><td>7</td><td>$\log x 27 = 3$</td><td>3</td><td>9</td><td>8</td><td>1</td></tr><tr><td>8</td><td>Вычислить: $\log p$</td><td>0</td><td>1</td><td>-</td><td>3</td></tr><tr><td>9</td><td>Вычислить: $\log 61$</td><td>0</td><td>1</td><td>2</td><td>6</td></tr></table>	№	Задание	Варианты ответов				1	Вычислить $\log 464$	3	4	6	1	2	x , если $\log 5x = 2$	3	1	2	1	3	Вычислить $5\log 54$	2	4	5	1	4	Вычислить: $\log 612 + \log 63$	4	2	1	3	5	Вычислить: $27\log 32$	8	3	2	2	6	$\log 3x = -1$	4	-	1	3	7	$\log x 27 = 3$	3	9	8	1	8	Вычислить: $\log p$	0	1	-	3	9	Вычислить: $\log 61$	0	1	2	6	- Находит время (решает уравнение без ошибок). - Записывает ответ с единицами измерения (минуты). - Интерпретирует полученный результат. Дескриптор: - выделяет известные и неизвестные величины; - преобразует формулу к виду логарифмического уравнения; - находит ОДЗ (если требуется); - решает уравнение, используя свойства логарифмов; - выполняет проверку (при необходимости); - записывает ответ с указанием единиц измерения. Отдельные студенты работают с тестовыми заданиями и проверяют работы друг друга и дают обратную связь. Критерий: -знает определение логарифма. - находит значение логарифмических выражений. Дескриптор: -правильно вычисляет простые логарифмы; -правильно решают простые логарифмические уравнения	1-3 правильно-но-10 б. 4-6 правильно 10 б. 7-9 правильно 10 б.
№	Задание	Варианты ответов																																																													
1	Вычислить $\log 464$	3	4	6	1																																																										
2	x , если $\log 5x = 2$	3	1	2	1																																																										
3	Вычислить $5\log 54$	2	4	5	1																																																										
4	Вычислить: $\log 612 + \log 63$	4	2	1	3																																																										
5	Вычислить: $27\log 32$	8	3	2	2																																																										
6	$\log 3x = -1$	4	-	1	3																																																										
7	$\log x 27 = 3$	3	9	8	1																																																										
8	Вычислить: $\log p$	0	1	-	3																																																										
9	Вычислить: $\log 61$	0	1	2	6																																																										
IV. Закрепление	6.Математический диктант (индивидуальная работа) 1.Функция $y = \log ax$ логарифмическая при $a > 0$, $a, x > 0$. (+) 2.Область определения логарифмической функции является множество действительных чисел.(-) 3. Область значений логарифмической функции является множество действительных чисел.(+) 4. Логарифмическая функция – четная.(-) 5. Логарифмическая функция – нечетная.(-) 6. Функция $y = \log 3x$ – возрастающая.(+) 7. Функция $y = \log ax$ при $0 < a < 1$ – возрастающая.(-) 8. Логарифмическая функция проходит через точку (1;0).(+) 9. График функции $y = \log ax$ пересекается с осью Ох.(+) 10. График логарифмической функции симметричен относительно Ох.(-) 11. График логарифмической функции всегда находится в I и IV четвертях.(+) 12. График логарифмической функции всегда пересекает Ох в точке (1;0).(+) 13. Существует логарифм отрицательного числа.(-) 14. Логарифм нуля равен нулю (-) 15. Логарифм единицы равен нулю (+) 7. Задания для капитан(индивидуальная работа) $\log_3(5x - 1) = 2$. $\log_2(1 - 2\delta) = 3$ $\log_3(3 - 2\delta) = 2$	Вопросы – задания, на которые студенты отвечает Да(+), Нет(-). Выполнение задания осуществляется через онлайн-платформу: обучающиеся сканируют QR-код с помощью мобильных устройств и отвечают на предложенные вопросы. Критерий: -определяет область допустимых значений (ОДЗ). -преобразует логарифмическое уравнение к показательному виду. -правильно находит значение переменной. -выполняет проверку полученного корня. Дескриптор -записывает условие -переходит от логарифмической формы к показательной-вычисляет значение степени. Капитаны выходят к доске решают уравнения	Выполнено: с (90-100%) -50 б. с (80-90%) -40 б. с (70-80%) -30 б. с (60-70%) -20 б. с (50-60%) -10 б. с (40-50%) -5 б. Выполнен переход к показательной форме-10 б. Найдено значение X -10б. Записан правильный ответ -10б.																																																												

V. Рефлексия	Вопросы: -Комфортно ли вам было на уроке? -Поняли ли вы материал урока? Требовалась ли вам помощь: а) учителя б) учебника в) соседа по парте? -Оцените свою работу на уроке по пяти бальной системе.	Студенты заполняют лист рефлексии Ответ (+ или -)	
VI. Домашняя работа	1. $\log_3(9 - x) = 4$ 2. $\log_2(x + 3) = \log_2 16$ 3*. $\log x + 1(2x + 1) = 2$	Студенты записывают задания	



ЖУМАГАМБЕТОВА АЙНУР КАЙРОЛЛАЕВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы

№87 мектеп-гимназия» ШДЖК МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тілі сабағында АКТ құралдарын қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамыту

Аннотация

Бұл мақалада қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдысын дамыту мәселесі қарастырылады. Жазылым — оқушының ойды жүйелі жеткізу, тілдік нормаларды сақтау, мәтін құрастыру және шығармашылық қабілетін таныту дағдысы. Қазіргі білім беру жағдайында АКТ құралдары оқушының жазбаша тілін дамытуға, мәтінмен жұмыс жасауына, қатені түзетуіне, өзара кері байланыс алуына және жеке оқу траекториясын қалыптастыруына мүмкіндік береді. Мақалада шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, цифрлық технологиялардың жазылым дағдысын қалыптастырудағы педагогикалық тиімділігі талданады. Сонымен қатар қазақ тілі сабағында қолдануға болатын цифрлық платформалар мен әдістемелік тәсілдер ұсынылады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, жазылым дағдысы, АКТ, цифрлық технология, оқыту әдістемесі, кері байланыс, функционалдық сауаттылық.

Abstract

This article examines the issue of developing students' writing skills through the use of information and communication technologies in Kazakh language lessons. Writing is a skill that enables students to express their thoughts systematically, follow language norms, compose texts, and demonstrate their creative abilities. In the modern educational context, ICT tools provide opportunities for students to develop written language, work with texts, correct errors, receive mutual feedback, and form an individual learning trajectory. The article reviews the works of foreign scholars and analyzes the pedagogical effectiveness of digital technologies in developing writing skills. In addition, digital platforms and methodological approaches that can be used in Kazakh language lessons are proposed.

Keywords: Kazakh language, writing skills, ICT, digital technology, teaching methodology, feedback, functional literacy.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының тек грамматикалық ережелерді білуі жеткіліксіз. Ол алған білімін өмірлік жағдаятта қолдана алуы, өз ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілі сабағында жазылым дағдысын дамыту – маңызды педагогикалық міндеттердің бірі. Жазылым дағдысы оқушының тілдік, танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерімен тығыз байланысты. Оқушы мәтін жазу барысында сөз таңдайды, сөйлем құрайды, ойын реттейді, дәлел келтіреді, қорытынды жасайды. Сондықтан жазылымды дамыту оқушының жалпы ойлау мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, яғни АКТ құралдары, жазылымды оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мысалы, Google Docs, Microsoft Word, Padlet, Quizizz, LearningApps, Grammarly тәрізді құралдар оқушыға мәтін жазуға, оны өңдеуге, мұғалімнен және сыныптастарынан кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Қазақ тілі сабағында бұл құралдарды мақсатты қолдану оқушылардың жазуға деген қызығушылығын арттырып, сауатты жазу дағдысын жүйелі қалыптастырады.

Шетелдік педагогикалық зерттеулерде жазылым дағдысын дамыту ұзақ уақыт бойы тіл үйретудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылып келеді. Жазылым тек дайын мәтін жазу емес, ол жоспарлау, ой жинақтау, алғашқы нұсқа жазу, өңдеу, түзету және жариялау кезеңдерінен тұратын күрделі үдеріс ретінде сипатталады. Америкалық зерттеуші Д. Хаймс коммуникативтік құзыреттілік ұғымын

енгізіп, тіл үйренуде грамматикалық біліммен қатар тілдік жағдаятқа сай қарым-қатынас жасай білу маңызды екенін дәлелдеді (Hymes, 1972). Бұл көзқарас жазылымды оқытуда да өзекті. Себебі оқушы мәтін жазғанда тек грамматикалық дұрыс сөйлем құрап қана қоймай, оны мақсатқа, адресатқа және жағдайға сай құрастыруы тиіс.

Л. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы бойынша білім алу әлеуметтік өзара әрекет арқылы дамиды. Ғалым оқушының дамуы мұғалімнің, құрдастарының және оқу ортасының көмегімен жүзеге асатынын атап көрсетеді (Vygotsky, 1978). Бұл теория АКТ құралдарын қолдану арқылы бірлескен жазылым жұмыстарын ұйымдастыруға негіз болады. Мысалы, Google Docs немесе Padlet платформаларында оқушылар бір мәтінді бірге құрастырып, бір-біріне пікір қалдырып, мәтінді өңдей алады. Жазылымды үдеріс ретінде оқыту мәселесін зерттеген Д. Грейвс оқушының мәтін жазу барысында бірнеше кезеңнен өтетінін айтады: дайындық, алғашқы нұсқа, түзету, редакциялау және жариялау (Graves, 1983). Бұл тәсіл қазіргі цифрлық ортада өте тиімді жүзеге асады. Себебі электронды құжатта мәтінді қайта жазу, түзету, толықтыру, пікір қалдыру жеңіл әрі жылдам орындалады. К. Хайленд жазылымды екінші тілде оқытуда жанрлық тәсілдің маңызын көрсетеді. Оның пікірінше, оқушы белгілі бір мәтін түрінің құрылымын, тілдік ерекшеліктерін және коммуникативтік мақсатын түсінгенде ғана сапалы мәтін жаза алады (Hyland, 2003). Қазақ тілі сабағында бұл пікірді эссе, мақала, хат, сипаттау, әңгімелеу, пайымдау мәтіндерін оқытуда қолдануға болады. АКТ құралдары арқылы әр жанрға үлгі мәтіндер беріп, мәтін құрылымын талдату тиімді.

Осы шетелдік еңбектерді талдай келе, АКТ құралдары жазылым дағдысын дамытуда бірнеше маңызды қызмет атқаратынын байқауға болады: біріншіден, оқушының жазуға қызығушылығын арттырады; екіншіден, мәтінді өңдеу мен түзетуді жеңілдетеді; үшіншіден, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты жеделдетеді; төртіншіден, бірлескен жазылым әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді; бесіншіден, оқушының өзіндік жұмысын күшейтеді.

Қазақ тілі сабағында жазылым дағдысын дамыту үшін оқушыға жүйелі тапсырмалар берілуі қажет. Жазылым тек диктант немесе мазмұндама жазумен шектелмеуі тиіс. Оқушы әртүрлі мәтін түрлерін жазып үйренуі керек: сипаттау мәтіні, әңгімелеу мәтіні, пайымдау мәтіні, эссе, хат, хабарландыру, пікір, мақала, күнделік, сұхбат, жарнама мәтіні. АКТ құралдарын қолдану осы жұмыстарды қызықты әрі нәтижелі ұйымдастыруға көмектеседі. Мысалы, сабақта оқушыларға сурет, бейнежазба немесе аудиоматериал ұсынылып, соның негізінде шағын мәтін жаздыруға болады. Бұл оқушының қиялын дамытып, мәтін мазмұнын құруға көмектеседі. Google Docs платформасы жазылымды бірлесіп орындауға тиімді. Мұғалім оқушыларға ортақ құжат ашып, тақырып береді. Оқушылар мәтін жазады, бір-бірінің жұмысын оқиды, ұсыныс қалдырады. Мұғалім мәтіндегі қатені бірден белгілеп, түсініктеме бере алады. Бұл оқушыға өз қатесін көруге және мәтінін жақсартуға мүмкіндік береді. Padlet платформасын

ой жинақтау кезеңінде қолдануға болады. Мысалы, «Менің туған өлкем», «Тіл — ұлт байлығы», «Қазақ тілі — болашағым» тақырыптарына оқушылар алдымен негізгі сөздерді, тірек ойларды, мақал-мәтелдерді Padlet тақтасына орналастырады. Кейін сол материалдарды пайдаланып мәтін жазады.

LearningApps, Wordwall, Quizizz сияқты платформалар грамматикалық дағдыларды бекітуге тиімді. Жазылым сапасы грамматикамен тікелей байланысты болғандықтан, сөйлем мүшелері, тыныс белгілері, сөз таптары, жалғаулар, құрмалас сөйлем түрлері бойынша интерактивті тапсырмалар жазба жұмысына дайындық ретінде беріледі. Canva немесе PowerPoint арқылы оқушылар инфографика, постер, шағын жоба жасап, оған мәтін құрастырады. Мұндай тапсырмалар оқушының жазылымын визуалды материалмен байланыстырады. Бұл әсіресе шығармашылық жазылымды дамытуда тиімді.

Сабақта қолдануға болатын тапсырма үлгілері

1-тапсырма. «Сурет бойынша мәтін жаз». Бұл тапсырманың мақсаты — оқушылардың сурет мазмұнын түсінуі, көрген ақпаратты жүйелі ойға айналдыруы және сипаттау мәтінін сауатты құрастыру дағдысын дамыту. Тапсырма барысында мұғалім интерактивті тақтадан табиғат, мектеп, отбасы, қала көрінісі немесе ұлттық құндылықтарға байланысты сурет көрсетеді. Оқушылар суретті мұқият бақылап, онда бейнеленген заттарды, адамдарды, іс-әрекеттерді, көңіл күйді және негізгі ойды анықтайды. Содан кейін оқушылар сурет бойынша 8–10 сөйлемнен тұратын сипаттау мәтінін жазады. Мәтінде сын есімдерді, көркем сөздерді, байланыстырушы сөздерді орынды қолдану талап етіледі. Бұл жұмыс оқушылардың сөздік қорын байытып, ойды жазбаша түрде жүйелі жеткізуіне көмектеседі.

2-тапсырма. «Google Docs-та бірлескен әңгіме жазу». Бұл тапсырманың мақсаты — оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу қабілетін, мәтін құрылымын сақтап жазу дағдысын және өзара кері байланыс беру мәдениетін қалыптастыру. Тапсырма шарты бойынша мұғалім оқушыларды шағын топтарға бөліп, Google Docs платформасында ортақ құжат ашады. Әр топқа белгілі бір тақырып немесе әңгіменің басталуы беріледі. Бір оқушы әңгіменің кіріспесін, екінші оқушы оқиғаның дамуын, үшінші оқушы шарықтау шегін, төртінші оқушы қорытындысын жазады. Жұмыс соңында топ мүшелері мәтінді бірге оқып, сөйлемдердің байланысын, мазмұнның тұтастығын, орфографиялық және пунктуациялық қателерді тексереді. Мұғалім құжатқа түсініктеме қалдырып, бағыт-бағдар береді. Бұл тапсырма оқушылардың жазылым дағдысын ғана емес, топпен жұмыс жасау және мәтінді редакциялау қабілетін де дамытады.

3-тапсырма. «Padlet-та ой жинақтау». Бұл тапсырманың мақсаты — оқушыларды эссе немесе пайымдау мәтінін жазуға алдын ала дайындау, тақырып бойынша ой жинақтау және негізгі идеяны анықтау дағдысын қалыптастыру. Мұғалім Padlet платформасында ортақ тақта ашып, оқушыларға белгілі бір тақырып ұсынады. Мысалы, «Қазақ тілі — ұлт байлығы», «Менің туған жерім», «Білімнің адам өміріндегі маңызы» сияқты тақырыптар берілуі мүмкін.

Оқушылар тақырыпқа байланысты тірек сөздер, мақал-мәтелдер, қысқа ойлар, дәлелдер мен мысалдарды Padlet тақтасына жазады. Кейін осы жиналған материалдар негізінде оқушылар жоспар құрып, шағын эссе жазады. Бұл тапсырма оқушының өз ойын дәлелдеуге, тақырыпты тереңірек түсінуге және жазба жұмысына қажетті материалды дұрыс іріктеуге үйретеді.

4-тапсырма. «Қатені тап және түзет». Бұл тапсырманың мақсаты – оқушылардың орфографиялық, пунктуациялық және грамматикалық сауаттылығын арттыру, қатені өздігінен анықтап, дұрыс нұсқасын ұсыну дағдысын дамыту. Мұғалім Wordwall немесе LearningApps платформасында әдейі қате жіберілген сөйлемдер дайындайды. Оқушылар берілген сөйлемдерді оқып, ондағы емле, тыныс белгісі, сөздердің байланысуы немесе сөйлем құрылысына қатысты қателерді табады. Әр қатенің дұрыс нұсқасын жазып, не себепті солай түзетілгенін түсіндіреді. Мысалы, оқушы тек қатені түзетіп қоймай, тиісті ережені де еске түсіреді. Бұл тапсырма оқушылардың тілдік нормаларды саналы меңгеруіне, жазба жұмысында қате жібермеуге және өз мәтінін тексеруге дағдыландырады.

5-тапсырма. «Электронды хат жазу». Бұл тапсырманың мақсаты — оқушылардың ресми және бейресми стильде жазу дағдысын қалыптастыру, жағдаятқа сай мәтін құрастыру қабілетін дамыту. Тапсырма барысында мұғалім оқушыларға нақты жағдаят ұсынады. Мысалы, досын туған күнге шақыру, мұғалімге өтініш жазу, сыныптасына алғыс білдіру, мектеп кітапханасына сұраныс жіберу немесе байқауға қатысу туралы хат жазу. Оқушылар электронды хаттың құрылымын сақтай отырып, сәлемдесу, негізгі ой, өтініш немесе хабарлама, қорытынды және қоштасу бөліктерін дұрыс жазады. Хат мазмұны түсінікті, сыпайы және сауатты болуы керек. Бұл тапсырма оқушылардың күнделікті өмірде қажет болатын жазбаша қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

6-тапсырма. «Цифрлық күнделік». Бұл тапсырманың мақсаты – оқушылардың тұрақты

жазылым дағдысын қалыптастыру, өз ойын еркін жеткізуіне және рефлексия жасауына мүмкіндік беру. Мұғалім оқушыларға аптасына бір рет цифрлық күнделік жазуды тапсырады. Күнделік Google Docs, Word құжаты, электронды портфолио немесе арнайы блог түрінде жүргізілуі мүмкін. Оқушылар күнделікке сабақтан алған әсерін, үйренген жаңа сөздерін, қиындықтарын, жетістіктерін, көңіл күйін немесе белгілі бір тақырыпқа қатысты жеке ойын жазады. Мұғалім оқушының жазбасын оқып, қысқаша кері байланыс береді. Бұл тапсырма оқушыларды жүйелі жазуға, өз ойын ретімен жеткізуге, тілдік қателерін түзетуге және өзіндік пікір қалыптастыруға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Beatty, K. (2010). Teaching and Researching Computer-Assisted Language Learning. London: Longman.
2. Graves, D. H. (1983). Writing: Teachers and Children at Work. Portsmouth, NH: Heinemann.
3. Harmer, J. (2004). How to Teach Writing. Harlow: Pearson Education.
4. Hyland, K. (2003). Second Language Writing. Cambridge: Cambridge University Press.
5. Hymes, D. (1972). On Communicative Competence. In J. B. Pride & J. Holmes (Eds.), Sociolinguistics. Harmondsworth: Penguin.
6. Prensky, M. (2001). Digital Natives, Digital Immigrants. On the Horizon, 9(5), 1–6.
7. Stanley, G. (2013). Language Learning with Technology: Ideas for Integrating Technology in the Classroom. Cambridge: Cambridge University Press.
8. Vygotsky, L. S. (1978). Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Cambridge, MA: Harvard University Press.
9. Warschauer, M. (1996). Computer-assisted language learning: An introduction. In S. Fotos (Ed.), Multimedia Language Teaching. Tokyo: Logos International.
10. Warschauer, M., & Healey, D. (1998). Computers and language learning: An overview. Language Teaching, 31(2), 57–71.



ШОНОВА АЛИЯ КУАНЫШБЕКОВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

№48 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары,

биология пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Орта менеджментте инклюзивті білім беруді басқару

Аннотация

Бұл мақалада орта менеджмент деңгейінде инклюзивті білім беруді басқарудың ғылыми-педагогикалық негіздері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзия тек ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мектепке қабылдау ғана емес, барлық білім алушыларға тең мүмкіндік жасау, оқу ортасын бейімдеу, педагогтердің кәсіби әрекетін үйлестіру және мектеп мәдениетін өзгерту үдерісі ретінде түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда орта

менеджмент өкілдері – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, әдістемелік бірлестік жетекшілері, сынып жетекшілерінің үйлестірушілері, инклюзияға жауапты мамандар – инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда маңызды басқарушылық рөл атқарады. Мақалада шетелдік әдебиеттерге шолу жасалып, инклюзивті білім беруді басқарудың тиімді әдістері, педагогикалық қолдау тетіктері, командалық жұмыс, мониторинг, ата-анамен байланыс және мектепшілік кәсіби даму жолдары талданады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, орта менеджмент, мектепті басқару, ерекше білім беру қажеттілігі, педагогикалық қолдау, командалық жұмыс, білім сапасы, тең мүмкіндік.

Abstract

This article examines the scientific and pedagogical foundations of managing inclusive education at the middle management level. In the modern education system, inclusion is understood not only as the admission of children with special educational needs to school, but also as a process of creating equal opportunities for all learners, adapting the learning environment, coordinating teachers' professional activities, and transforming school culture. From this perspective, representatives of middle management — deputy principals for academic affairs, heads of methodological associations, coordinators of class teachers, and specialists responsible for inclusion — play an important managerial role in implementing inclusive education. The article reviews foreign literature and analyzes effective methods of inclusive education management, mechanisms of pedagogical support, teamwork, monitoring, cooperation with parents, and ways of professional development within the school.

Keywords: inclusive education, middle management, school management, special educational needs, pedagogical support, teamwork, quality of education, equal opportunities.

Инклюзивті білім беру — қазіргі қоғамдағы әділетті, қолжетімді және адам құқығына негізделген білім беру жүйесінің маңызды бағыты. Оның негізгі мақсаты — әр баланың қабілетіне, даму ерекшелігіне, әлеуметтік жағдайына, тіліне, мәдениетіне немесе денсаулық жағдайына қарамастан сапалы білім алуына жағдай жасау. Инклюзия білім алушыларды бір ортаға жай ғана біріктіру емес, мектептің оқу-тәрбие үдерісін әртүрлі қажеттіліктерге бейімдеу болып табылады.

Инклюзивті білім беруді басқару — барлық білім алушылардың оқуына, дамуына және мектеп өміріне қатысуына жағдай жасайтын ұйымдастырушылық-педагогикалық үдеріс. Бұл басқару тек құжат жүргізу немесе ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың тізімін жасау емес. Ол мектептің оқу бағдарламасын, бағалау жүйесін, педагогтердің әдістемесін, сыныптағы қарым-қатынасты, ата-аналармен байланысты және мектеп мәдениетін қамтиды. Инклюзивті басқарудың негізгі қағидаларына тең мүмкіндік, қолжетімділік, баланың жеке ерекшелігін ескеру, кемсітпеу, командалық жұмыс, үздіксіз қолдау және нәтижеге бағытталу жатады. Орта менеджмент осы қағидаларды мектеп тәжірибесіне енгізетін негізгі буын ретінде әрекет етеді. Мысалы, директор мектептің жалпы инклюзивті саясатын айқындаса, орта менеджмент оны күнделікті сабақ, әдістемелік отырыс, мұғалімнің жоспарлауы, оқушыны қолдау, ата-анамен жұмыс, мониторинг және талдау арқылы іске асырады. Сондықтан орта менеджмент инклюзивті білім берудің «ұйымдастырушы көпірі» болып саналады.

Инклюзивті білім беру мәселесі халықаралық педагогикада кеңінен зерттелген. Бұл бағытта адам құқығы, әлеуметтік әділеттілік, білімге тең қолжетімділік, мектеп мәдениеті және басқарушылық

көшбасшылық идеялары маңызды орын алады. ЮНЕСКО-ның Саламанка мәлімдемесінде инклюзивті мектептер барлық балалардың ерекшеліктерін қабылдап, олардың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс екені атап көрсетіледі. Бұл құжат инклюзивті білім берудің халықаралық деңгейдегі маңызды негіздерінің бірі болып саналады. Онда мектептің міндеті баланы жүйеге бейімдеу емес, керісінше, білім беру жүйесін баланың қажеттілігіне бейімдеу екені көрсетіледі. Мел Эйнскоу инклюзивті білім беруді мектепті дамыту үдерісімен байланыстырады. Оның пікірінше, инклюзия — белгілі бір оқушылар тобына арналған қосымша шара емес, барлық оқушылардың қатысуын, жетістігін және мектеп өміріне араласуын арттыруға бағытталған тұтас өзгеріс. Эйнскоу инклюзивті тәжірибені дамыту үшін мектеп ішінде ынтымақтастық, тәжірибе алмасу, кедегілерді анықтау және дерекке негізделген талдау қажет екенін көрсетеді.

Тони Бут пен Мел Эйнскоу ұсынған Index for Inclusion еңбегі инклюзивті мектеп мәдениетін, саясатын және тәжірибесін бағалауға арналған маңызды құрал болып табылады. Бұл еңбекте инклюзивті білім беру үш өлшем арқылы қарастырылады: инклюзивті мәдениет қалыптастыру, инклюзивті саясат жүргізу және инклюзивті тәжірибені дамыту. Орта менеджмент осы үш бағыттың барлығында үйлестіруші қызмет атқарады.

Осы шетелдік еңбектерді талдай отырып, инклюзивті білім беруді тиімді басқаруда бірнеше негізгі идеяны бөліп көрсетуге болады: біріншіден, инклюзия мектептің тұтас мәдениеті болуы керек; екіншіден, басқару командалық сипатта жүзеге асуы тиіс; үшіншіден, мұғалімдерге тұрақты әдістемелік қолдау қажет; төртіншіден, шешімдер нақты деректер мен оқушы қажеттілігіне сүйенуі керек; бесіншіден, ата-аналар мен қоғамдастық мектептің серіктесі ретінде қарастырылуы қажет.

Орта менеджмент инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда бірнеше маңызды қызмет атқарады. Біріншіден, орта менеджмент мектептің инклюзивті саясатын нақты педагогикалық әрекетке айналдырады. Мысалы, мектепте «барлық бала оқи алады» деген қағида қабылданса, оны сабақ жоспарында, бағалауда, тәрбие жұмысында, сыныптағы қарым-қатынаста іске асыру қажет. Бұл жерде директордың орынбасарлары мен әдістемелік жетекшілер мұғалімдерге бағыт береді. Екіншіден, орта менеджмент мұғалімдердің кәсіби дайындығын ұйымдастырады. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалім саралап оқыту, жеке қолдау, мінез-құлықты басқару, бейімделген тапсырма құрастыру, формативті бағалау, ата-анамен серіктестік сияқты дағдыларды меңгеруі тиіс. Үшіншіден, орта менеджмент командалық жұмысты үйлестіреді. Инклюзивті білім беру бір мұғалімнің ғана міндеті емес. Оған пән мұғалімі, сынып жетекшісі, педагог-психолог, арнайы педагог, логопед, әлеуметтік педагог, ата-ана және мектеп әкімшілігі бірге қатысады. Осы мамандардың жұмысын үйлестіру орта менеджменттің маңызды міндеті болып табылады. Төртіншіден, орта менеджмент оқу нәтижелерін және оқушының даму динамикасын бақылайды.

Инклюзивті білім беруді басқарудың тиімді әдістері

1. Командалық басқару әдісі. Инклюзивті білім беруді басқаруда ең тиімді тәсілдердің бірі — командалық жұмыс. Орта менеджмент инклюзивті қолдау командасын құрып, әр маманның міндетін нақты бөлуі қажет. Команда құрамына директордың орынбасары, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, психолог, арнайы педагог, логопед, әлеуметтік педагог және ата-ана кіруі мүмкін. Командалық жұмыстың мақсаты — оқушының қажеттілігін жан-жақты анықтау және оған кешенді қолдау көрсету. Мысалы, пән мұғалімі оқу тапсырмаларын бейімдейді, психолог эмоционалдық қолдау көрсетеді, арнайы педагог түзету-дамыту жұмысын жүргізеді, ата-ана үйдегі қолдауды қамтамасыз етеді, ал орта менеджмент осы жұмыстың жүйелі жүруін қадағалайды.

2. Жеке білім беру траекториясын жоспарлау. Инклюзивті білім беруде әр оқушының қажеттілігі әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан орта менеджмент мұғалімдермен бірлесіп жеке білім беру траекториясын жоспарлауға жағдай жасауы тиіс. Бұл траекторияда оқушының оқу мақсаты, қолдау түрі, бейімделген тапсырмалар, бағалау тәсілдері және күтілетін нәтиже көрсетіледі. Мұнда басты мәселе — оқушыға төмен талап қою емес, оның мүмкіндігіне сай қолжетімді мақсат белгілеу. Жеке жоспар оқушыны оқшауламай, жалпы сыныптағы оқу үдерісіне қатыстыруға бағытталуы керек.

3. Саралап оқытуды басқару. Саралап оқыту — инклюзивті білім берудің негізгі әдістерінің бірі. Орта менеджмент мұғалімдердің сабақ жоспарларында саралау тәсілдерін қолдануын әдістемелік тұрғыдан қолдауы қажет. Саралау бірнеше бағытта жүзеге асады: тапсырма деңгейін өзгерту, уақыт беру, қосымша тірек материал ұсыну, жауап беру формасын тандату, жұптық немесе топтық қолдау ұйымдастыру. Мысалы, бір оқушы мәтінді толық оқып талдаса, екінші оқушы қысқартылған мәтінмен жұмыс істеуі мүмкін. Бір оқушы жазбаша жауап берсе, екіншісі ауызша түсіндіруі мүмкін. Бұл әдіс оқушыларды бөлу емес, әрқайсысының оқу мақсатына жетуіне мүмкіндік жасау болып табылады.

4. Әмбебап оқу дизайнын қолдану. Әмбебап оқу дизайны — оқу материалын әртүрлі оқушыға қолжетімді етуге бағытталған тәсіл. Оның негізгі идеясы: оқу ортасы бастапқыдан-ақ әртүрлі қажеттіліктерге ыңғайлы болуы керек. Орта менеджмент мұғалімдерге тапсырманы әртүрлі форматта ұсынуды үйретуі қажет: мәтін, сурет, аудио, бейне, кесте, схема, практикалық әрекет. Оқушыларға да білімін әртүрлі жолмен көрсетуге мүмкіндік беріледі: жазу, айту, сурет салу, жоба жасау, презентация қорғау. Бұл тәсіл ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға ғана емес, барлық оқушыларға пайдалы.

5. Деректерге негізделген басқару. Инклюзивті білім беруді басқару нақты деректерге сүйенуі керек. Орта менеджмент оқушылардың оқу жетістігін, сабаққа қатысуын, мінез-құлық өзгерісін, ата-анамен байланыс нәтижесін, педагогтердің қиындықтарын жүйелі талдап отыруы қажет. Деректерге негізделген басқару мына сұрақтарға жауап береді: қандай оқушыға қандай қолдау қажет, қандай пән де қиындық көп, қай мұғалімге әдістемелік көмек керек, қандай

тәсіл нәтиже беріп жатыр, қандай кедергілер бар? Осындай талдау шешімдерді нақты әрі тиімді етеді.

6. Мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету. Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерге тек талап қою жеткіліксіз. Оларға нақты әдістемелік қолдау қажет. Орта менеджмент коучинг, тәлімгерлік, Lesson Study, әдістемелік семинар, тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыра алады. Мысалы, бір мұғалім ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыға тапсырманы қалай бейімдеу керектігін білмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда әдістемелік бірлестік отырысында нақты сабақ жоспары талданып, әріптестер ұсыныс бере алады. Бұл мұғалімнің сенімін арттырады және кәсіби жалғыздықты азайтады.

7. Ата-анамен серіктестік орнату. Инклюзивті білім беруде ата-ананың рөлі өте маңызды. Орта менеджмент ата-анамен байланысты тек ақпарат беру деңгейінде емес, серіктестік деңгейінде ұйымдастыруы тиіс. Ата-ана баласының мүмкіндігі, қызығушылығы, үйдегі мінез-құлқы, оқу қиындықтары туралы маңызды ақпарат бере алады. Ата-анамен тиімді жұмыс үшін жеке кеңес беру, даму динамикасын талқылау, үйде қолдау көрсету жолдарын түсіндіру, сенімді қарым-қатынас орнату қажет. Бірақ ата-ананы кінәлау немесе баланың мәселесін тек отбасымен байланыстыру дұрыс емес. Мектеп пен ата-ана ортақ мақсатқа жұмыс істеуі керек.

8. Инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыру. Инклюзияның табысты болуы мектеп мәдениетіне байланысты. Егер мектепте ерекше қажеттілігі бар оқушыларға аяушылықпен, оқшаулаумен немесе төмен күтіммен қарау басым болса, инклюзия толық жүзеге аспайды. Орта менеджмент мұғалімдер мен оқушылар арасында құрмет, қабылдау, қолдау және теңдік құндылықтарын қалыптастыруы тиіс. Бұл үшін тәрбие сағаттары, сыныптық әңгімелер, достық жобалары, еріктілік жұмыстары, психологиялық тренингтер ұйымдастыруға болады. Инклюзивті мәдениет барлық оқушының өзін мектеп қауымдастығының толық мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру туралы сөз болғанда, оны тек жағымды ұран ретінде қабылдау жеткіліксіз. Шынайы инклюзия нақты ұйымдастыруды, кәсіби дайындықты, жауапкершілікті және тұрақты талдауды қажет етеді. Кейде мектептерде инклюзия қағаз жүзінде ғана жүзеге асады: оқушы сыныпта отырады, бірақ оқу үдерісіне толық қатыспайды; жеке жоспар бар, бірақ сабақта қолданылмайды; мамандар бар, бірақ олардың жұмысы үйлестірілмейді. Мұндай жағдайда инклюзия формалды сипатта қалады. Орта менеджменттің міндеті — осы формалдылықтың алдын алу. Ол үшін инклюзивті білім беруді тек есеп беру құралы ретінде емес, мектеп сапасын жақсартудың маңызды бағыты ретінде қарастыру қажет. Егер орта менеджмент мұғалімге тек құжат талап етсе, мұғалім инклюзияны бюрократиялық міндет деп қабылдайды. Ал егер орта менеджмент мұғалімге нақты қолдау көрсетсе, тәжірибесін талдаса, қиындықты бірге шешсе, инклюзивті білім беру сапасы артады. Сонымен қатар инклюзия барлық оқушыға бірдей тапсырма беру деген сөз емес. Керісінше, әр оқушыға оқу мақсатына жетудің әділ жолын ұсыну деген сөз. Әділдік бәріне

бірдей қарау емес, әркімге қажетті қолдауды беру арқылы тең мүмкіндік жасау.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беруді тиімді басқару үшін орта менеджмент формалды бақылаушы емес, педагогикалық көшбасшы болуы қажет. Ол мұғалімдерге қолдау көрсетіп, мамандар жұмысын үйлестіріп, ата-анамен сенімді байланыс орнатып, әр баланың оқуына жағдай жасағанда ғана инклюзивті білім беру шынайы нәтижеге жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Миттлер П. Инклюзивті білім беруге қарай: әлеуметтік контекстер. – Лондон: David Fulton

Publishers, 2000.

2.Томлинсон К. А. Сараланған сынып: барлық білім алушылардың қажеттіліктеріне жауап беру. – Александрия: ASCD, 2014.

3.ЮНЕСКО. Білім берудегі инклюзия бойынша саясаттық нұсқаулықтар. – Париж: ЮНЕСКО, 2009.

4.ЮНЕСКО. Жаһандық білім мониторингі есебі 2020: Инклюзия және білім беру: барлығы дегеніміз — барлығы. – Париж: ЮНЕСКО, 2020.

5. Вилла Р. А., Таузенд Ж. С. Инклюзивті мектеп құру. – Александрия: ASCD, 2005. Ainscow, M. (2005). Developing inclusive education systems: What are the levers for change? Journal of Educational Change, 6, 109–124.



ТАҢАТАР АҚБОТА САЙЫНҚЫЗЫ,

Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы

№87 мектеп-гимназия» ШЖҚ ММК қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ әдебиеті пәнінде оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту

Аннотация

Бұл мақалада қазақ әдебиеті пәнінде оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өздігінен ізденетін, салыстыратын, талдайтын, дәлелдейтін және қорытынды жасайтын тұлға ретінде қалыптастыру маңызды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әдебиеті пәні оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамытуға мол мүмкіндік береді. Көркем мәтінді талдау, автор өмірі мен шығармашылығын зерттеу, кейіпкер бейнесін салыстыру, әдеби тақырып бойынша жоба қорғау, дереккөздермен жұмыс жүргізу оқушының танымдық белсенділігін арттырады. Мақалада шетелдік ғалымдардың зерттеушілік оқыту, жобалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау, конструктивистік оқыту теорияларына қатысты еңбектеріне шолу жасалып, қазақ әдебиеті сабағында қолдануға болатын тиімді әдістер ұсынылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, зерттеушілік қабілет, әдеби талдау, жобалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау, көркем мәтін, оқушы белсенділігі, зерттеу дағдысы.

Abstract

This article examines the scientific and pedagogical foundations for developing students' research skills in the subject of Kazakh literature. In the modern education system, it is important to develop students not as passive recipients of ready-made information, but as individuals who can independently search, compare, analyze, justify, and draw conclusions. From this perspective, the subject of Kazakh literature offers great opportunities for developing students' research skills. Analyzing literary texts, studying an author's life and creative work, comparing character images, defending projects on literary topics, and working

with sources increase students' cognitive activity. The article reviews the works of foreign scholars related to inquiry-based learning, project-based learning, critical thinking, and constructivist learning theories, and proposes effective methods that can be used in Kazakh literature lessons.

Keywords: Kazakh literature, research skills, literary analysis, project-based learning, critical thinking, literary text, student activity, research competence.

Қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі – оқушыны тек біліммен қаруландыру емес, оны өздігінен ойлай алатын, ақпаратты талдайтын, дәлелді пікір айта білетін, шығармашылықпен әрекет ететін тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл міндет қазақ әдебиеті пәнінде ерекше мәнге ие. Себебі әдебиет сабағы оқушының тек мәтінді оқуына ғана емес, адамның ішкі әлемін тануына, тарихи кезеңді түсінуіне, ұлттық құндылықтарды бағалауына, авторлық идеяны пайым-дауына және өзіндік көзқарас қалыптастыруына ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті пәнінде зерттеушілік қабілетті дамыту дегеніміз — оқушыны көркем шығармаға сұрақ қоя білуге, мәтіннен дәлел табуға, кейіпкер іс-әрекетін талдауға, автор ұстанымын анықтауға, әдеби құбылыстарды салыстыруға және өз қорытындысын жасауға үйрету. Мұндай жұмыс оқушыны дайын жауапты жаттаудан алыстатып, әдебиетті тірі ойлау алаңына айналдырады. Әдебиет сабағында кейде оқушы автордың өмірбаянын, шығарманың мазмұнын, кейіпкерлерін жаттап айтумен шектеледі. Ал зерттеушілік бағыттағы сабақта оқушы «Бұл шығармада қандай мәселе көтерілген?», «Автор не айтқысы келді?», «Кейіпкердің әрекеті дұрыс па?», «Бұл шығарма бүгінгі өмірмен қалай байланысады?», «Басқа шығармалармен қандай ұқсастығы бар?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Осы арқылы әдеби білім

оқушының жеке ойлау тәжірибесіне айналады.

Зерттеушілік қабілет — оқушының белгілі бір мәселені өздігінен анықтап, оған қатысты ақпарат жинап, талдап, салыстырып, дәлелдеп, қорытынды шығара алу қабілеті. Бұл қабілет бір ғана пәнмен шектелмейді. Дегенмен әдебиет пәнінде ол ерекше сипат алады. Себебі әдеби зерттеу нақты деректермен қатар көркемдік, тарихи, мәдени, адамгершілік және философиялық мәселелерді қамтиды. Қазақ әдебиеті сабағында зерттеушілік қабілет мына әрекеттер арқылы дамиды: көркем мәтінді мұқият оқу, негізгі мәселені анықтау, автордың идеясын түсіну, кейіпкерлер бейнесін талдау, мәтіннен дәлел келтіру, тарихи және өмірлік контексті байланыстыру, өз пікірін қорғау, шағын зерттеу жұмысы немесе жоба дайындау. Оқушының зерттеушілік қабілеті бірден қалыптаспайды. Ол жүйелі жұмыс арқылы дамиды. Алдымен оқушы сұрақ қоюды үйренеді, кейін ақпарат іздейді, содан соң оны салыстырады, талдайды, қорытынды жасайды. Мұғалім осы үдерісте бағыт беруші, ұйымдастырушы және кеңесші рөлін атқарады.

Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту мәселесі әлемдік педагогикада кеңінен қарастырылған. Шетелдік зерттеулерде бұл бағыт көбіне inquiry-based learning, project-based learning, constructivist learning, critical thinking, student-centered learning ұғымдарымен байланыстырылады. Америкалық философ әрі педагог Джон Дьюи білім беруде оқушының белсенді тәжірибесіне ерекше мән берген. Оның пікірінше, оқыту дайын білімді жеткізу емес, оқушыны мәселені шешуге, тәжірибе жасауға және ой қорытындысын шығаруға бағыттауы керек. Дьюидің «learning by doing», яғни «әрекет арқылы оқу» идеясы зерттеушілік оқытудың негіздерінің бірі болып саналады. Бұл идея қазақ әдебиеті сабағында оқушыны мәтін туралы дайын пікірді қабылдаушы емес, өздігінен талдау жасаушы тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жан Пиаже оқушының танымдық дамуын белсенді ойлау әрекетімен байланыстырды. Оның конструктивистік көзқарасы бойынша бала білімді сырттан дайын күйінде алмайды, оны өз тәжірибесі арқылы құрастырады. Әдебиет сабағында бұл тұжырым оқушының көркем шығарманы өз түсінігі, өмірлік тәжірибесі және таным деңгейі арқылы қабылдауына негіз болады. Мысалы, бір кейіпкердің әрекетін әр оқушы әртүрлі түсіндіруі мүмкін. Бұл айырмашылық оқушының жеке ойлауын дамытады. Джером Брунер оқытуда жаңалық ашу әдісін ұсынды. Оның пікірінше, оқушы білімді өзі ашқанда, ол білім ұзақ сақталады әрі терең меңгеріледі. Брунердің discovery learning, яғни «жаңалық ашу арқылы оқыту» идеясы әдебиет сабағында өте тиімді. Мысалы, мұғалім шығарманың идеясын дайын түрде айтпай, оқушыларға мәтіндегі детальдар, кейіпкер сөзі, авторлық баяндау арқылы өздері анықтауға мүмкіндік береді. Джозеф Шваб зерттеушілік оқытуды ғылыми ойлаудың негізгі формасы ретінде қарастырды. Ол оқушыны сұрақ қоюға, болжам жасауға, дәлел іздеуге және қорытынды шығаруға үйрету керек деп есептеді. Әдебиет пәнінде бұл тәсіл көркем мәтінді зерттеу сұрақтары арқылы талдауға мүмкіндік береді. Мысалы: «Абай қара сөздерінде адам болмысы қалай

сипатталады?», «М. Әуезов шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім қандай байланыста?» Блум таксономиясы да зерттеушілік қабілетті дамытуда маңызды орын алады. Бенджамин Блум ұсынған танымдық деңгейлер — білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау — оқушының ойлау әрекетін біртіндеп күрделендіруге көмектеседі. Әдебиет сабағында төмен деңгейдегі «шығарманың мазмұнын айту» тапсырмасынан жоғары деңгейдегі «кейіпкер әрекетін бағалау», «автор идеясын дәлелдеу», «екі шығарманы салыстыру», «өзіндік тұжырым жасау» тапсырмаларына көшу қажет.

Осы шетелдік еңбектерді саралай келе, зерттеушілік қабілетті дамытуда бірнеше ортақ идеяны байқауға болады. Біріншіден, оқушы оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болуы керек. Екіншіден, білім дайын күйінде берілмей, ізденіс арқылы меңгерілуі тиіс. Үшіншіден, сұрақ қою, дәлелдеу, талдау және қорытынды жасау негізгі дағдылар ретінде қалыптасуы қажет. Төртіншіден, мұғалім дайын жауап беруші емес, бағыттаушы және қолдаушы қызметін атқаруы керек.

Қазақ әдебиеті — оқушының ұлттық дүниетанымын, тіл байлығын, рухани мәдениетін, тарихи санасын және адамгершілік көзқарасын қалыптастыратын пән. Сондықтан бұл пәнде зерттеушілік қабілетті дамыту тек оқу нәтижесін жақсарту үшін ғана емес, оқушының тұлғалық қалыптасуы үшін де маңызды. Әдеби шығарманы зерттеу барысында оқушы тарихи кезеңмен танысады, автордың өмірлік ұстанымын түсінеді, кейіпкерлердің ішкі әлемін талдайды, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көреді. Мысалы, Абай шығармаларын зерттеу арқылы оқушы адамгершілік, еңбек, білім, мінез, надандық, әділет мәселелерін талдайды. О. Бөкей, Д. Исабеков шығармалары арқылы адам мен қоғам, адам мен табиғат, адам мен ар мәселелерін зерттейді.

Зерттеушілік бағыттағы әдебиет сабағы оқушыны мәтінге терең үңілуге үйретеді. Ол кейіпкердің іс-әрекетін жай ғана сипаттамайды, оның себебін іздейді. Автор қолданған көркемдік тәсілді байқайды, оның шығарма идеясын ашудағы қызметін түсіндіреді. Бұл оқушының аналитикалық ойлауын дамытады.

Сабақта қолдануға болатын зерттеу тапсырмалары

1-тапсырма. «Кейіпкерді зертте». Бұл тапсырманың мақсаты — оқушының кейіпкер бейнесін жан-жақты талдау дағдысын дамыту. Мұғалім белгілі бір шығармадан кейіпкер таңдатады. Оқушы кейіпкердің мінезін, іс-әрекетін, сөйлеген сөзін, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын, автордың оған көзқарасын зерттейді. Соңында «Бұл кейіпкер арқылы автор қандай ой айтқысы келді?» деген сұраққа жауап береді. Тапсырма оқушыны мәтіннен дәлел келтіруге және кейіпкерді біржақты бағаламауға үйретеді.

2-тапсырма. «Автор идеясын дәлелде». Бұл тапсырманың мақсаты — оқушының авторлық ұстанымды анықтау және оны мәтін арқылы дәлелдеу қабілетін қалыптастыру. Оқушылар шығарманың негізгі идеясын анықтап, оны дәлелдейтін үш үзінді табады. Әр үзіндіге түсініктеме беріп, оның шығарма мазмұнындағы қызметін түсіндіреді. Бұл жұмыс оқушының мәтінмен дәлелді жұмыс жасауын дамытады.

3-тапсырма. «Шығарма және тарихи кезең». Бұл тапсырманың мақсаты – оқушының әдеби шығарманы тарихи контекспен байланыстыра білу қабілетін дамыту. Оқушылар шығарма жазылған дәуір туралы қысқаша дерек жинайды. Кейін сол тарихи жағдайдың шығарма тақырыбына, кейіпкерлер тағдырына, автор идеясына қалай әсер еткенін талдайды. Мысалы, ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамы, отаршылдық кезең, ашаршылық, соғыс жылдары, тәуелсіздік кезеңі сияқты тақырыптар қарастырылады.

4-тапсырма. «Екі шығарманы салыстыр». Бұл тапсырманың мақсаты – оқушының салыстыру, жинақтау және қорытынды жасаудағы дағдысын дамыту. Оқушылар екі шығарманы тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері, көркемдік ерекшелігі бойынша салыстырады. Салыстыру нәтижесін кесте, Венн диаграммасы немесе шағын зерттеу мәтіні түрінде ұсынады. Бұл тапсырма әдеби білімді жүйелеуге көмектеседі.

«Игровой диктант» Диктант можно провести в игровой форме. Например, «Снежный диктант»: на снежинках написаны слова с пропущенными буквами. Учащиеся выбирают снежинку, вставляют букву и объясняют правило. Это делает традиционную работу более интересной.

Современные цифровые ресурсы расширяют возможности игровой технологии. На уроках русского языка можно использовать интерактивные платформы Wordwall, LearningApps, Quizizz, Kahoot, Google Forms, Online Test Pad. С их помощью учитель создает викторины, игры на соответствие, классификацию, выбор правильного ответа, вставку пропущенных букв. Например, на платформе Wordwall можно создать игру «Распредели слова по частям речи». Учащиеся перетаскивают слова в нужные группы: существительные, прилагательные, глаголы. На LearningApps удобно проводить задания «Найди пару»: слово – значение, слово – синоним, слово – антоним, слово – картинка. ИКТ повышают интерес учащихся, позволяют быстро получить обратную связь и разнообразить урок. Однако цифровые игры должны использоваться дозированно и быть связаны с целью урока. Важно, чтобы ребенок не просто нажимал на ответы, а осознал правило и мог объяснить свой выбор.

Игровая технология обладает большими педагогическими возможностями в обучении русскому языку учащихся начальных классов. Она соответствует возрастным особенностям младших школьников, повышает их мотивацию, активизирует познавательную деятельность, развивает речь, внимание, память, мышление и коммуникативные навыки. На уроках русского языка игра помогает закреплять лексический, грамматический, орфографический и речевой материал в интересной и доступной форме. Особенно эффективны дидактические, лексические, грамматические, орфографические, ролевые и творческие игры. При грамотной организации игровая технология не только делает урок увлекательным, но и способствует достижению конкретных учебных результатов.

Таким образом, использование игровой технологии в обучении русскому языку младших школьников является важным условием формирования устойчивого интереса к предмету, развития языковой компетенции и повышения качества начального образования.

Список использованной литературы:

1. Қасымова Ж. Т. Бастауыш білім беруде дидактикалық ойындарды қолдану ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 2021. – №2. – Б. 18–22.
2. Смагулова А. Е. Орыс тілі сабағында ойын әдістерін қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту // Тіл және білім. – 2021. – №5. – Б. 64–68.
3. Иванова Н. В. Игровые технологии как средство повышения мотивации младших школьников на уроках русского языка // Начальная школа. – 2021. – №9. – С. 37–41.



КАСЕНОВА БАҚЫТКУЛЬ СЕРИКОВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы

№87 мектеп-гимназия» ШЖҚ ММК бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сыныпта жобалық оқыту технологиясын қолдану

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сыныпта жобалық оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық-әдістемелік негіздері қарастырылады. Жобалық оқыту — оқушыны дайын білімді қабылдаушы емес, өздігінен ізденетін, зерттейтін, талдайтын, қорытынды жасайтын және нақты өнім ұсына алатын тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған тиімді технологиялардың бірі. Бастауыш сынып кезеңінде бұл технология оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін, коммуникативтік дағдысын, жауапкершілігін және өздігінен жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мақалада шетелдік педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалып, жобалық оқытудың теориялық негіздері, тиімді әдістері, сабақта қолдануға болатын тапсырма үлгілері, бағалау критерийлері және практикалық ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, жобалық оқыту, зерттеушілік дағды, шығармашылық қабілет, танымдық белсенділік, топтық жұмыс, функционалдық сауаттылық, педагогикалық технология.

Abstract

This article examines the pedagogical and methodological foundations of applying project-based learning technology in primary school. Project-based learning is one of the effective technologies aimed at developing students not as passive recipients of ready-made knowledge, but as individuals who can independently search, investigate, analyze, draw conclusions, and present a concrete product. At the primary school level, this technology makes it possible to develop students' cognitive activity, creative abilities, communication skills, responsibility, and ability to work independently. The article reviews foreign pedagogical literature and presents the theoretical foundations of project-based learning, effective methods, examples of classroom tasks, assessment criteria, and practical recommendations.

Keywords: primary school, project-based learning, research skills, creative abilities, cognitive activity, group work, functional literacy, pedagogical technology.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты — оқушыға тек дайын білім беру емес, оны алған білімін өмірде қолдана алатын, өз ойын жеткізе білетін, мәселені шешуге ұмтылатын, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл міндет әсіресе бастауыш сыныптан басталуы қажет. Себебі бастауыш мектеп — баланың оқу әрекеті, ойлау қабілеті, қарым-қатынас мәдениеті, ізденімпаздығы және дербестігі қалыптасатын маңызды кезең.

Бастауыш сынып оқушысы табиғатынан білуге құмар, сұрақ қоюға бейім, қоршаған ортаны танып-білуге қызығады. Осы ерекшелікті тиімді пайдалану үшін сабақта оқушыны белсенді әрекетке тартатын технологиялар қолданылуы керек. Солардың бірі — жобалық оқыту технологиясы.

Жобалық оқыту технологиясы оқушыға белгілі бір

тақырып бойынша ізденуге, ақпарат жинауға, оны талдауға, топпен жұмыс істеуге, нәтижесін қорғауға мүмкіндік береді. Бұл технология бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған жағдайда өте тиімді нәтиже береді. Мысалы, оқушылар «Менің отбасым», «Туған өлкем», «Судың пайдасы», «Жануарлар әлемі», «Менің сүйікті кітабым», «Мектеп ауласындағы өсімдіктер» сияқты қарапайым әрі өмірмен байланысты тақырыптарда шағын жобалар дайындай алады.

Жобалық оқытудың басты ерекшелігі — оқушы білімді дайын күйінде алмайды, оны әрекет барысында меңгереді. Оқушы тақырып таңдайды, сұрақ қояды, ақпарат жинайды, салыстырады, қорытынды жасайды және өз жұмысын таныстырады. Мұндай жұмыс оқушының пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның дербестігін де дамытады.

Жобалық оқыту технологиясының негізі әлемдік педагогикада бұрыннан қалыптасқан. Бұл бағытта Джон Дьюи, Уильям Килпатрик, Жан Пиаже, Лев Выготский, Джером Брунер, Дэвид Колб, Линда Дарлинг-Хаммонд, Джон Томас, Сильвия Чард, Лилиан Катц сияқты ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады.

Америкалық педагог Джон Дьюи білім беруде оқушының белсенді тәжірибесіне ерекше мән берген. Оның «әрекет арқылы оқу» идеясы жобалық оқытудың теориялық негіздерінің бірі болып саналады. Дьюидің пікірінше, оқушы білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыра отырып меңгергенде ғана ол шынайы әрі тұрақты болады. Бұл бастауыш сынып үшін өте маңызды, себебі кіші жастағы оқушылар нақты әрекет, бақылау, тәжірибе, ойын және көрнекілік арқылы жақсы үйренеді. Жан Пиаженің танымдық даму теориясы бойынша бала білімді дайын күйінде қабылдамайды, оны өз тәжірибесі арқылы құрастырады. Бұл жобалық оқытумен тікелей байланысты. Бастауыш сынып оқушысы жоба барысында бақылайды, салыстырады, сұрақ қояды, қорытынды жасайды. Осы арқылы ол жаңа білімді өз әрекеті арқылы меңгереді.

Лев Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы жобалық оқытудағы бірлескен әрекетті түсіндіруге негіз болады. Ғалымның «жақын даму аймағы» теориясы бойынша оқушы күрделі тапсырманы мұғалімнің немесе сыныптастарының көмегімен орындай алады. Сондықтан бастауыш сыныпта топтық жоба, жұптық жұмыс, мұғалімнің бағыт-бағдары, ата-ананың қолдауы маңызды рөл атқарады. Джером Брунер оқытуда жаңалық ашу әдісін ұсынды. Оның пікірінше, оқушы дайын ақпаратты жаттағаннан гөрі, оны өзі іздеп тапқанда жақсы меңгереді. Жобалық оқытуда оқушы белгілі бір сұраққа жауап іздейді. Мысалы, «Неліктен өсімдікке су қажет?», «Құстарға қыста қалай көмектесуге болады?», «Кітап оқу адамға не береді?» деген сұрақтар оқушыны ізденуге жетелейді.

Шетелдік әдебиеттерді саралай келе, жобалық оқытудың бірнеше негізгі идеясы айқындалады.

Біріншіден, оқушы оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болуы керек. Екіншіден, оқу өмірмен және тәжірибемен байланысуы қажет. Үшіншіден, жоба нақты сұраққа немесе мәселеге бағытталуы тиіс. Төртіншіден, оқушы жұмыс нәтижесін ұсынуы керек. Бесіншіден, мұғалім дайын білім беруші емес, бағыттаушы, кеңесші және ұйымдастырушы рөлін атқарады.

Бастауыш сыныпта жобалық оқыту технологиясын қолдану оқушының жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ең алдымен, бұл технология оқушының танымдық қызығушылығын арттырады. Бала өзі таңдаған немесе өзіне жақын тақырып бойынша жұмыс істегенде, оқу әрекетіне белсенді араласады. Екіншіден, жобалық оқыту оқушының зерттеушілік дағдысын дамытады. Бастауыш сыныптағы зерттеу күрделі ғылыми талдау емес, қарапайым бақылау, сұрақ қою, салыстыру, суреттеу, қорытынды жасау түрінде болады. Мысалы, оқушы «Бөлме өсімдігі қалай өседі?» деген жоба барысында өсімдікті бірнеше күн бақылап, суару, жарық, жылу әсерін байқайды.

Сабақта қолдануға болатын жобалық тапсырма үлгілері:

1-тапсырма. «Менің отбасымның дәстүрлері» Бұл тапсырманың мақсаты — оқушылардың отбасылық құндылықтарды тануына, үлкендермен қарым-қатынас жасауына және ауызша сөйлеу дағдысын дамытуға ықпал ету. Оқушылар үйде ата-анасынан немесе ата-әжесінен отбасы дәстүрлері туралы сұхбат алады. Олар отбасы қандай мерекелерді атап өтетінін, қандай тағам дайындайтынын, қандай салт-дәстүрді сақтайтынын анықтайды. Жиналған мәліметті сурет, шағын мәтін немесе постер түрінде ұсынады. Сабақта оқушы өз жобасын таныстырып, отбасы құндылықтары туралы әңгімелейді. Бұл жұмыс оқушының зерттеушілік қабілетін ғана емес, ұлттық және отбасылық тәрбиеге құрметін қалыптастырады.

2-тапсырма. «Құстарға қыста қалай көмектесеміз?» Бұл жобаның мақсаты — оқушылардың табиғатқа қамқорлық сезімін дамыту және бақылау дағдысын қалыптастыру. Оқушылар қыста кездесетін құстар туралы мәлімет жинайды, олардың немен қоректенетінін анықтайды. Мұғалімнің немесе ата-ананың көмегімен құстарға арналған жемсалғыш жасайды. Бірнеше күн бойы бақылау жүргізіп, қандай құстар келгенін белгілейді. Жоба соңында оқушылар «Құстарға көмектесу не үшін маңызды?» деген сұраққа жауап береді. Бұл

тапсырма оқушыларды мейірімділікке, жауапкершілікке және экологиялық мәдениетке тәрбиелейді.

3-тапсырма. «Суды үнемдейік» Бұл тапсырманың мақсаты — оқушыларға судың адам өміріндегі маңызын түсіндіру және үнемдеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушылар үйде судың қандай жағдайда қолданылатынын бақылайды: қол жуу, тамақ дайындау, ыдыс жуу, гүл суару, тазалық жұмыстары. Кейін суды үнемдеудің қарапайым жолдарын ұсынады. Мысалы, кранды ашық қалдырмау, суды босқа ағызбау, өсімдікті уақытылы суару. Жоба нәтижесі буклет немесе постер түрінде ұсынылады. Бұл тапсырма оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытады, себебі олар алған білімін күнделікті өмірде қолдануға үйренеді.

4-тапсырма. «Менің сүйікті кітабым» Бұл жобаның мақсаты — оқушылардың оқырмандық қызығушылығын арттыру және өз ойын жүйелі жеткізуге үйрету. Оқушы өзі оқыған бір кітапты таңдап, авторы, кейіпкерлері, негізгі оқиғасы, ұнаған тұсы және кітаптан алған әсері туралы қысқаша мәлімет дайындайды. Жоба нәтижесін шағын кітапша, суретті постер немесе ауызша таныстырылым ретінде ұсынады. Бұл тапсырма оқушылардың оқу сауаттылығын, сөйлеу мәдениетін және шығармашылық қабілетін дамытады.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта жобалық оқыту технологиясын жүйелі әрі жас ерекшелігіне сай қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, оларды өмірде кездесетін мәселелерді шешуге, өз ойын дәлелдеуге, топпен жұмыс істеуге және шығармашылықпен әрекет етуге үйретеді. Сондықтан жобалық оқыту бастауыш білім берудің мазмұнын жаңартуда және оқушы тұлғасын дамытуда маңызды педагогикалық технология болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2002.
2. Омарова Р. С. Бастауыш мектепте оқытудың жаңа технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
3. Katz, L. G., & Chard, S. C. (2000). Engaging Children's Minds: The Project Approach. Stamford: Ablex Publishing.
4. Bell, S. (2010). Project-Based Learning for the 21st Century: Skills for the Future. The Clearing House, 83(2), 39–43.
5. Larmer, J., Mergendoller, J. R., & Boss, S. (2015). Setting the Standard for Project Based Learning. Alexandria, VA: ASCD.



KUATOVA A.R.,

English language teacher School-Gymnasium №87 named after Abai Kunanbayuly
Astana, Kazakhstan

LOW SPEAKING PERFORMANCE IN ENGLISH CLASSES AMONG HIGH SCHOOL STUDENTS: CAUSES AND SOLUTIONS

Abstract. This article investigates the causes of low speaking performance among high school students in English language classes. Based on practical experience, classroom observations, and a student survey, the main

psychological and pedagogical obstacles are identified. The paper also describes effective teaching methods that can help reduce fear, improve motivation, and create a supportive environment for oral communication. Practical



recommendations are provided to help students develop their speaking competence through regular, meaningful interaction.

Key words: speaking skills, motivation, high school students, English language.

Аннотация

Бұл мақалада ағылшын тілі пәнінде жоғары сынып оқушыларының сөйлеу дағдысының төмен болуының себептері мен оны шешу жолдары қарастырылады. Зерттеу барысында сауалнама жүргізіліп, сөйлеуге кедергі келтіретін негізгі психологиялық және әдістемелік факторлар анықталды. Сонымен қатар, сабақ барысында қолданылған тиімді тәсілдермен тілдік ортаны қалыптастыру жолдары сипатталады. Мақала оқушыны еркін сөйлеуге бейімдеу үшін мотивациямен жүйелі жұмыстың маңызын нақтылайды.

Тірек сөздер: сөйлеу дағдысы, мотивация, жоғары сынып оқушылары, ағылшын тілі.

In modern society, English is of particular importance as a tool for global communication, science and technology, and professional development. In the education system of Kazakhstan, this language has been taught since school. However, as practice shows, among senior school students (grades 9–11), there is often a low level of fluency in English. This problem directly affects not only language proficiency, but also the student's future competitiveness. In many cases, students, despite mastering grammatical rules and vocabulary, have difficulty expressing themselves orally or refuse to speak at all. Such situations lead to a decrease in the quality of language teaching, a lack of self-confidence on the part of students, and the perception of language as "just a subject." This article analyzes the causes of this problem and suggests effective solutions aimed at developing the speaking skills of senior school students.

English is the language of success and opportunity in today's society. However, as everyday school experience shows, fluency in the language, especially oral communication skills, remains significantly low among high school students.

Students memorize vocabulary and grammar, but have difficulty answering simple questions, and do not try to express themselves in English. If during the lesson the question: "Can you answer the question?" is asked, the class falls silent. Some limit themselves to short answers such as "I don't know", "I forget". This is not a random phenomenon, but a clear manifestation of a systemic problem [1].

First, the lack of a language environment is one of the main factors. English is used only during classes, and outside of them, the student does not consider it necessary. Even during classes, the opportunity to communicate is limited: most of the 45 minutes are taken up by the teacher's explanations, grammar exercises, and written assignments. As a result, each student can only speak one or two sentences, which is not enough to feel the language as a "communication tool."

Secondly, there is a lack of specific methods aimed at speaking. In the upper grades, the program becomes more complicated, and most teachers consider the main goal to

master the complex material and prepare the student for the UNT. In this case, attention is not paid to speaking. The lesson is often limited to the textbook, and the dialogues and texts in the textbook are written in a formal content, not close to the student's life [2].

Third, the psychological barrier is the internal barrier of the learner. In order to speak, the learner must feel free and confident. But many learners do not speak out for fear of "I will say something wrong" or "others will laugh." In such a situation, language learning is perceived as a process that is not creative, but rather a process that is subject to fear of control and pressure.

Fourth, there is a lack of motivation. The daily routine of a high school student is busy: from morning to evening, classes, homework, preparatory courses. There are those who study English not out of personal interest, but only "for the sake of grades" or "because they have to." But such motivation is unstable. It does not contribute to sincere study of the language [3].

Within the framework of this problem, several methods were used aimed at developing the speaking skills of high school students. The experiment was conducted with students in grades 9, 10, and 11. The goal was to encourage students to speak, to increase their ability to express themselves freely and confidently.

At the initial stage, a small survey was conducted among students to determine their attitudes and difficulties in speaking. As a result, approximately 70–75% of respondents reported feeling insecure when speaking English, afraid of making mistakes and being laughed at. Insufficient vocabulary and lack of experience were also noted as major obstacles.




Figure 1 – Main difficulties students face when speaking English (based on survey results)

During the lesson, the effectiveness of the following methods was tested:

– "Speaking minutes" method: at the beginning of each lesson, students were given the opportunity to speak freely for 1–2 minutes on everyday topics. Although the first lessons were dominated by short answers, over time, students began to adapt to speaking freely.

– Situational tasks (role-play): students were adapted to real-life situations (hotel, store, cafe) and were involved in conversation not only through ready-made dialogues, but also by constructing sentences on their own.

– "Peer feedback" method: students supported each other by giving brief feedback after speaking to each other. This method helped reduce psychological barriers.

– Voice recording at home: Students were asked to send a short recording of their English speech at home. This was especially effective for shy students – they felt more at ease and had the opportunity to correct their mistakes.

As a result of using these methods, it was observed that the number of students participating in speaking increased. The number of active students increased to 30–40%.

Although the students' fluency in speaking was not yet fully formed, an increase in internal confidence, linguistic activity, and motivation was clearly visible. For example, during the lesson on the topic "Future profession", students talked about their dream professions. The relevance of the topic and its connection with life increased their interest and contributed to an active dialogue. In general, the observations and methodological research conducted revealed the need for a linguistic environment, motivation, conditions for fluency, and systematic work to develop speaking skills.

The development of speaking skills in high school students is an important

In conclusion, the low level of English language proficiency among high school students is one of the most pressing issues in the modern education system. This problem directly affects not only students' linguistic competence, but also their future ability to use a foreign language, their communicative freedom, and their ability to find their place in the global environment.

Based on the analysis, it was determined that a number of factors contribute to the decline in speaking skills. In particular, the lack of a language environment, the dominance of grammatical orientation in the program, the student's lack of internal confidence, decreased motivation, and the weak connection of educational materials with life - all of these problems distance the student from speaking.

The methods used in the course of practical research - situational tasks, dialogic learning, the use of digital

tools, and the connection of the topic to life - have shown that they can arouse students' interest in speaking and gradually increase their activity. Students begin to adapt to expressing themselves, not being afraid of making mistakes, and forming a confident attitude towards the language.

Developing a student's speaking skills is not just a methodological task, it is a complex but effective process based on mutual trust and cooperation between the teacher and the student. Language teaching will bear fruit only as a result of systematic, purposeful and organized work taking into account the psychological characteristics of the student. Continuous research and creative work in this direction should continue.

REFERENCE:

1. Atemova, K. A. Ways to develop students' language skills in English lessons in the context of updated educational content // Teacher. – 2021. – No. 2. – P. 23–26.
2. Kosanova, A. T. Methods of developing students' oral speaking skills in teaching English // Kazakh language and literature. – 2023. – No. 4. – P. 48–52.
3. Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. - 5th ed. - London: Pearson Education Limited, 2015. - 446 p.
4. Thornbury, S. How to Teach Speaking. - Harlow: Longman, 2005. - 128 p.
5. Richards, JC Teaching Listening and Speaking: From Theory to Practice. - Cambridge: Cambridge University Press, 2008. - 204 p.



СЕЙДЕКРАМОВА ГУЛЬНАР БЕКМУХАМБЕТОВНА,

Воспитатель, педагог-мастер

КТУ «Областная специальная школа-интернат №1 города Талдыкорган»

ГУ «Управление образования области Жетісу»

ПРОФИЛАКТИКА ЗАВИСИМОСТИ ОТ ГАДЖЕТОВ У УЧАЩИХСЯ 5 КЛАССА С НАРУШЕНИЕМ СЛУХА

Актуальность проблемы

Современные цифровые технологии стали неотъемлемой частью жизни школьников. Смартфоны, планшеты и компьютеры используются для обучения, общения и досуга. Для детей с нарушением слуха гаджеты имеют особое значение, поскольку помогают получать информацию в доступной форме, поддерживать коммуникацию и развивать познавательные способности.

Однако чрезмерное использование цифровых устройств может привести к формированию зависимости, негативно влияющей на здоровье, эмоциональное состояние и социальное развитие ребенка. Поэтому профилактика гаджет-зависимости является важным направлением воспитательной работы в специальных образовательных организациях.

Введение

Цифровые технологии открывают широкие возможности для обучения и социализации детей с нарушением слуха. С помощью различных приложений, мессенджеров и образовательных платформ обучающиеся могут получать знания, общаться и участвовать в общественной жизни.

Вместе с тем бесконтрольное использование гаджетов способствует возникновению психологической зависимости. Особенно актуальна эта проблема для учащихся 5 класса, поскольку данный возраст характеризуется стремлением к самостоятельности, активным общением со сверстниками и повышенной восприимчивостью к внешним воздействиям.

Основной задачей профилактической работы явля-

ется формирование культуры разумного использования цифровых технологий и развитие навыков самоконтроля.

Основная часть

Значение гаджетов в жизни учащихся с нарушением слуха

Современные технологии помогают детям с нарушением слуха получать информацию в доступной форме, использовать визуальные средства обучения, поддерживать связь с родителями и друзьями, участвовать в образовательных проектах и развивать самостоятельность. При грамотном использовании гаджеты способствуют успешному обучению и социальной адаптации.

Причины формирования гаджет-зависимости

Основными причинами зависимости являются:

- недостаток живого общения;
- отсутствие контроля времени использования гаджетов;

- низкая занятость во внеурочное время;
- доступность интернет-развлечений;
- недостаточно развитые навыки самоконтроля.

Для детей с нарушением слуха дополнительным фактором риска становится стремление заменить реальное общение виртуальным.

Последствия чрезмерного использования гаджетов

Чрезмерное увлечение цифровыми устройствами может привести к ухудшению зрения, н Кроме того, наблюдаются повышенная тревожность, раздражительность, снижение концентрации внимания и интереса к учебной деятельности. У ребенка могут возникнуть трудности в общении со сверстниками и участие в коллективной деятельности становится менее привлекательным.

Основные направления профилактической работы

Эффективная профилактика включает следующие направления:

Формирование цифровой культуры:

- соблюдение режима экранного времени;
- использование гаджетов преимущественно в образовательных целях;
- соблюдение правил безопасного поведения в интернете.

Организация полезного досуга:

- спортивные секции;

- творческие кружки;
- экскурсии и интеллектуальные игры;
- участие в проектах и конкурсах.

Развитие коммуникативных навыков:

- групповые занятия;
- ролевые игры;
- коллективные творческие дела;
- спортивные соревнования.

Работа с родителями:

- контроль времени использования гаджетов;
- организация совместного досуга;
- поддержка интересов и увлечений ребенка;
- личный пример разумного использования

цифровых технологий.

Выводы

Проблема зависимости от гаджетов у учащихся 5 класса с нарушением слуха является актуальной в условиях современного цифрового общества. Несмотря на значительную пользу цифровых технологий для обучения и общения, их чрезмерное использование может отрицательно влиять на физическое, эмоциональное и социальное развитие ребенка.

Профилактика гаджет-зависимости должна носить комплексный характер и включать формирование цифровой культуры, развитие навыков самоконтроля, организацию активного досуга и взаимодействие педагогов с родителями. Систематическая профилактическая работа способствует сохранению здоровья обучающихся и их успешной социальной адаптации.

Список литературы

1. Выготский Л. С. Основы дефектологии. – СПб.: Лань, 2022.
2. Сурдопедагогика: учебник / под ред. Е. Г. Речицкой. – М.: Владос, 2020.
3. Речицкая Е. Г. Психология и педагогика детей с нарушениями слуха. – М.: Юрайт, 2021.
4. Полат Е. С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2020.
5. Психология зависимости / под ред. В. Д. Менделевича. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2021.
6. Менделевич В. Д. Психология девиантного поведения. – М.: Инфра-М, 2022.



ТУЛЕБАЕВА АНАРГУЛЬ ШАЙМОЛДИНОВНА,

Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы

№87 мектеп-гимназия» ШДЖҚ МКК биология пәнінің мұғалімі

Мектеп жылыжайы – оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың тиімді ортасы

Аңдатпа

Мақалада мектеп жылыжайының оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде зерттеуге негізделген оқыту оқушылардың ғылыми дүниетанымын

қалыптастырудың маңызды құралы ретінде танылуда. Осы тұрғыдан алғанда мектеп жылыжайы биология пәнін оқытудағы тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастырудың, оқушылардың бақылау, салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытудың тиімді ортасы болып

табылады. Зерттеу барысында мектеп жылыжайында жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға ықпалы талданды. Нәтижесінде жылыжай жағдайында ұйымдастырылған жобалық және тәжірибелік жұмыстардың оқушылардың танымдық белсенділігін, экологиялық мәдениетін және ғылыми-зерттеу дағдыларын арттыруға оң әсер ететіні анықталды.

Түйінді сөздер: мектеп жылыжайы, зерттеушілік дағды, биология, тәжірибелік оқыту, жобалық жұмыс, экологиялық тәрбие, STEM білім беру, ғылыми зерттеу.

Abstract

This article examines the pedagogical potential of a school greenhouse in developing students' research skills. In modern education, inquiry-based learning is widely recognized as an effective approach to fostering students' scientific worldview and critical thinking abilities. From this perspective, a school greenhouse serves as an effective educational environment for organizing practical activities in biology and for developing students' skills in observation, comparison, analysis, and drawing conclusions. The study analyzes the impact of practical activities conducted in a school greenhouse on the development of students' research competencies. The findings indicate that project-based and experimental activities carried out in greenhouse conditions have a positive effect on students' cognitive engagement, ecological awareness, and scientific research skills.

Keywords: school greenhouse, research skills, biology, experiential learning, project-based learning, environmental education, STEM education, scientific research.

Еліміздің білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру негізгі басымдықтардың біріне айналып отыр. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, ғылыми ойлау қабілетін және зерттеушілік дағдыларын дамыту қажеттілігі атап көрсетілген.

Қазіргі қоғамға тек теориялық білімді меңгерген емес, алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана алатын, мәселені анықтап, оны шешудің ғылыми жолдарын таба білетін тұлға қажет. Осыған байланысты мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде зерттеуге негізделген оқыту технологияларын енгізу ерекше маңызға ие. Мектеп жылыжайы – оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ерекше білім беру ортасы. Жылыжай жағдайында оқушылар өсімдіктердің өсуі мен дамуын ұзақ мерзімді бақылауға, тәжірибелер жүргізуге, деректер жинауға және алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік алады.

Зерттеуге негізделген оқыту (Inquiry-Based Learning)

әдісі барысында оқушыларға «Қызанақ көшеттерінің өсуіне жарықтың әсері қандай?» деген зерттеу сұрағы ұсынылды. Алдымен оқушылар өз болжамдарын жасап, зерттеу жоспарын құрды. Кейін тәжірибелік топтар ұйымдастырылып, өсімдіктер әртүрлі жарық жағдайында өсірілді. Оқушылар өсімдіктердің өсу көрсеткіштерін жүйелі түрде бақылап, өлшеу жұмыстарын жүргізді және алынған нәтижелерді кестелер мен диаграммаларға түсірді. Зерттеу соңында мәліметтер салыстырылып, ғылыми қорытынды жасалды. Бұл әдіс арқылы оқушылар мәселені анықтау, болжам ұсыну, эксперимент жүргізу, нәтижелерді талдау және қорытынды шығару сияқты ғылыми зерттеудің толық циклін меңгерді.

Оқушылардың ғылыми және технологиялық сауаттылығын арттыру мақсатында STEM технологиясы да пайдаланылды. Жылыжайдағы температура мен ауаның ылғалдылық деңгейін бақылау үшін цифрлық датчиктер мен өлшеу құралдары қолданылды.

Зерттеу жұмыстары барысында жағдаяттық тапсырмаларға негізделген Case-study әдісі де қолданылды. Мысалы, оқушыларға «Өсімдіктердің өнімділігі неге төмендеді?» деген проблемалық жағдай ұсынылды. Олар жылыжайдағы нақты жағдайды зерттеп, температура, жарық, суару режимі және топырақ құрамының өсімдіктердің өсуіне әсерін талдады. Топтық талқылау нәтижесінде мәселенің ықтимал себептері анықталып, оны шешудің ғылыми негізделген жолдары ұсынылды. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, нақты өмірлік жағдайларда білімдерін қолдануға үйретті.

Мектеп жылыжайында қолданылған заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға және алған білімдерін тәжірибеде қолдану қабілетін жетілдіруге мүмкіндік берді. Жылыжай жағдайындағы тәжірибелік жұмыстар білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық мәдениетін, еңбек дағдыларын және зерттеушілік белсенділігін дамытуға ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2024.
2. OECD. PISA 2022 Results (Volume I): The State of Learning and Equity in Education. – Paris: OECD Publishing, 2023.
3. UNESCO. Greening Education Partnership: Getting Every Learner Climate-Ready. – Paris: UNESCO, 2023.
4. FAO. School Gardens and Learning about Food Systems. A Resource for Teachers. – Rome: Food and Agriculture Organization of the United Nations, 2022.

ИСАБЕКОВА ЛАЗАТ КЕНЕСБЕКОВНА

Физика сабағында заманауи әдіс-тәсіл элементтерін қолдану
арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыру 2

ДОСЖАНОВА ЛАУРА ЖАРЫЛГАСОВНА

Экономика «платформ»: как маркетплейсы меняют
структуру малого и среднего бизнеса в Казахстане 4

КАШАЕВА АЙГУЛЬ ОНДАГАНОВНА

Мектеп тәжірибесінде Абай мұрасын жаратылыстану пәндерімен кіріктіріп оқытуда
жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдары 5

ИБРАЕВА ТҮРСЫНХАН ЖАНАТКАНОВНА

Инновациялық мәдениетті қалыптастыруда педагогтердің кәсіби дамуына қолдау көрсету
ортасын жетілдіру 7

АХМЕТОВА ШОЛПАН КЕНЖАЛИЕВНА

«Жазу өнері: мәтін сыры және көркем ой» курсы арқылы
3-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын дамыту әдістері 9

АУТАНБАЕВА БИБИНУР БАКЫТОВНА

№113 сабақ. Көбейтуге берілген есептер. 11

НАУРЫЗБАЕВА АЙЖАН ШАЯХМЕТОВНА

№157 сабақ. Бұрыштарды өлшеу және салу 13

КОЙШЫБАЕВА ЖАНЫЛСЫН ЖАКЫПБЕКОВНА

Дуальды оқыту негізінде өндірістік практика және жұмысқа орналастырудың
сабақтастығын қамтамасыз ету 16

ШАЯХМЕТОВА АЙГУЛЬ САЙЛАУОВНА,

Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының ерекшеліктері 18

ГАЛИМЖАНОВА РУМИЯ НУРЛЫГАИНОВНА,

Слова, противоположные по значению. Воспитание характера 19

МАМАДИЯРОВА ГУЛЬЗИРА БАТЫРХАНҚЫЗЫ

Ұлттық құндылық пен көркем сөзді ұштастырған «Сөз сазы» бағдарламасы 22

АБДИБЕКОВА АЙГУЛЬ ДЖАЛЕЛОВНА

Логарифмические уравнения и их системы 23

ЖУМАГАМБЕТОВА АЙНУР КАЙРОЛЛАЕВНА

Қазақ тілі сабағында АКТ құралдарын қолдану арқылы оқушылардың
жазылым дағдысын дамыту 26

ШОНОВА АЛИЯ КУАНЫШБЕКОВНА

Орта менеджментте инклюзивті білім беруді басқару 28

ТАҒАТАР АҚБОТА САЙЫНҚЫЗЫ

Қазақ әдебиеті пәнінде оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту 31

ДЕМЕНОВА ШОЛПАН ТУРЛЫБЕКОВНА

Эффективность использования ИКТ на уроках русского языка 33

АБДИБАЕВА БЭЛА ДЖАЙЛАУБАЕВНА

Развитие навыков письменной речи учащихся на уроках русского языка и литературы 36

ИСКАКОВА ДАРИНА ДУЛАТОВНА

Развитие читательской грамотности учащихся 2 класса с использованием технологий
искусственного интеллекта 38

АБДАЗ АЖАР ШЕРАЛИҚЫЗЫ

Педагогические возможности игровой технологии
в обучении русскому языку учащихся начальных классов 40

КАСЕНОВА БАКЫТКУЛЬ СЕРИКОВНА

Бастауыш сыныпта жобалық оқыту технологиясын қолдану 42

KUATOVA A.R LOW SPEAKING PERFORMANCE IN ENGLISH CLASSES AMONG HIGH SCHOOL STUDENTS: CAUSES AND SOLUTIONS 44

СЕЙДЕКРАМОВА ГУЛЬНАР БЕКМУХАМБЕТОВНА

Профилактика зависимости от гаджетов у учащихся 5 класса с нарушением слуха 45

ТУЛЕБАЕВА АНАРГУЛЬ ШАЙМОЛДИНОВНА,

Мектеп жылыжайы – оқушылардың зерттеушілік дағдыларын
қалыптастырудың тиімді ортасы 46



Редакция саясаты

Біздің басты бағытымыз мемлекетіміздің іргетасы іспетті білім саласына айрықша көңіл бөліп, ұстаздар қауымының еңбегін дәріптеу. Сондай-ақ оқушылардың танымын арттыратын әдебиет пен мәдениетті, өнерді өрістетіп, халқымыздың салт-дәстүрлерін жаңғырту. Педагог мәртебесін көтеру, олардың арасында өзара байланыс орнатып, тәжірибе алмасуға ықпал ету, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға қал-қадірімізше үлес қосу.

Кез келген педагогтің қоғамға деген пікірін, әріптестеріне деген ыстық ықыласын жариялаймыз. Халқымыздың ұлттық айшықтары, салт-дәстүрлері, құндылықтары, жәдігерлері туралы да жиі қалам тербейміз.

Әділетті Қазақстанның Адал азаматтарын тәрибиелейтін барша педагогтердің еркін ой-пікір, озық тәжірибелер, ғылыми зерттеулер алаңы – «Ел-назар» республикалық педагогикалық журналы.

Ұсынылатын материалдар журналдың келесі айдарларының біріне сәйкес болуы тиіс:

1. Білім беру ұйымдарының тыныс-тіршілігі (инновациялық жобалар, іс-әрекетті зерттеу, тәрбие жүйесінің моделі, мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы, ауыл және қала мектептерінің тәжірибесі, мектепшілік іс-шаралар)
2. Тәрбие тиегі (тәрбие жұмысы және рухани-адамгершілік құндылықтар, ұлттық тәрбие, патриоттық тәрбие, буллингтің алдын алу, сынып сағатының үздік үлгілері, дебат клубының жұмысы, оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту)
3. Ұстаз әдістемесі (авторлық бағдарламалар, жаңартылған білім мазмұны бойынша тәжірибе, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, саралап оқыту әдістері, критериалды бағалау, инклюзивті білім беру тәжірибесі)
4. Мұғалім мінбері айдарын педагогтер өздерін толғандырған ой пікірлерін, еркін үлгіде, мақала ретінде жариялай алады.
5. Оқушылар шығармашылығы. Өлең, әңгіме, мақалалар.
6. Литпат. Мұғалімдер әріптестері туралы жылы лебіздерін жариялай алады.
7. Ақпарат ағыны. Білім беру ұйымдарында өткен маңызды шаралар туралы мақалалар.

Республикалық «Ел-назар» педагогикалық журналына мақала жариялау үшін қойылатын талаптар:

Мақалада мақала тақырыбы, автор көтерген мәселенің өзектілігі, зерттеу нысаны, алынған нәтиже, өз тәжірибесінің ғылыми негіздері, оның білім беру ұйымында тәжірибеден өткен кезіндегі жетістіктері, жаңашылдығы туралы мәліметтер қамтылуы керек. Түпнұсқалығы этика нормаларына сай, логикалық сабақтастық, тұжырымдар, мақаланың тілдік және стилистикалық сапасы болы маңызды.



Құрметті оқырмандар, ұстаздар!

Республикалық «Ел-назар» педагогикалық журналының редакциясы сіздерді білім беру кеңістігіндегі өзекті мәселелерді талқылауға, озық тәжірибе мен тың идеяларды көпшілікке ұсынуға шақырады. Журнал бетінде педагогтердің ғылыми-әдістемелік ізденістері, жаңашыл сабақ үлгілері, тәрбие жұмысының тиімді тәжірибелері, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдары, инклюзивті білім беру бағытындағы нәтижелі тәсілдер, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және зерттеу жұмыстары жарияланады.

«Ел-назар» журналы – тәжірибе алмасуға, кәсіби дамуға және білім сапасын арттыруға бағытталған ашық алаң. Егер сізде авторлық әдістеме, тиімді құралдар, жобалар, тәжірибелік нәтижелер немесе оқушы жетістігін арттырған тың тәсілдер болса, біз сіздің жұмысыңызды оқырманға жеткізуге дайынбыз.

Сіздерді педагогикалық қауымдастықтың дамуына үлес қосуға шақырамыз!

Қолжазбаның құрылымы

Қолжазба төмендегі құрылым бойынша рәсімделуі тиіс:

1. Автордың фотосуреті – JPEG форматында.
2. Автор туралы мәліметтер – автордың аты-жөні, жұмыс орны немесе оқу орны көрсетіледі (қаріп өлшемі – 12, курсив, мәтін сол жаққа тураланған).
3. Ғылыми жетекші туралы мәліметтер (қажет болған жағдайда) – аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы.
4. Қолжазбаның атауы.
5. Журналдың бөлімі және ішкі бөлімі (оқушылар жұмыстары үшін міндетті түрде көрсетіледі).
6. Аннотация (абстракт) – қолжазба жазылған тілде және ағылшын тілінде беріледі (қаріп өлшемі – 12, курсив, мәтін ені бойынша тураланған).
7. Түйін сөздер – аннотациядан кейін беріледі (қаріп өлшемі – 12, курсив, мәтін ені бойынша тураланған).
8. Қолжазба мәтіні (қаріп өлшемі – 14, мәтін ені бойынша тураланған).
9. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
-Мәтін ішінде дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшада беріледі және мәтінде алғаш кездесу ретімен көрсетіледі.
-Әдебиеттер тізімі мына мәліметтерді қамтуы тиіс:
автордың тегі және аты-жөнінің бас әріптері; мақаланың атауы; журналдың атауы (журнал мақалалары үшін); кітап/журнал атауы; басылған орны мен баспасы (кітап үшін); шыққан жылы; нөмірі; беттері.

10. Фотосуреттерді ұсыну тәртібі

- Фотосуреттер мәтін ішінде орналастырылуы тиіс;
- Сонымен қатар қосымша түрде JPEG форматында жеке файл ретінде бөлек жіберіледі.

Ұсынылатын материалдар төмендегі техникалық талаптарға толық сәйкес болуы тиіс:

- Мәтін көлемі: суреттерді, кестелерді, фотосуреттерді қоса есептегенде 5 беттен аспауы керек.
- Бет форматы: А4.
- Өрістер (поля): барлық жағынан 25 мм.
- Абзацтық шегініс: 1,25 см.
- Жоларалық интервал: 1 (бірлік).
- Қаріп: Times New Roman.
- Қаріп өлшемі (кегль): 14.

Суреттер, фотосуреттер, диаграммалар:

- Мәтінде алғаш аталу ретіне сәйкес нөмірленіп берілуі тиіс.
- Әр сурет/фото/диаграмманың төменгі жағында 12 кегльмен түсіндірме жазылады (мысалы: Сурет 1 – ...).
- Материалға мәтін мазмұнына үйлесімді енгізілуі қажет.
- Белсенді қызметті, тәжірибелік әрекетті көрсететін фотосуреттер құпталады.

Кестелер:

- Кестелер де мәтінде алғаш кездескен ретіне сәйкес нөмірленеді.
- Әр кестенің жоғарғы жағында 12 кегльмен атауы көрсетіледі (мысалы: Кесте 1 – ...).

Мақала жариялау үшін байланыс телефон нөмірлері: 87054047853, 87779654937